

3
>

Тасқын мен өрт қауіпсіздігіне дайындық күшейтілді



6
>

Домбырашылар әлемдік рекорд орнатуға ниетті



DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады

№12 (18572)

19 наурыз 2026 жыл

WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

2
>

ЖАҢА АТА ЗАҢ – ЕЛДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ, ЕГЕМЕНДІГІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ

11
>

Жастардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған жоба



9
>

Шырайлы шығыстағы гүлдер мен жануарлар әлемі



#АТА ЗАҢ

Жаңа Конституция – елдігіміздің тірегі, егемендігіміздің тұғыры

☒ Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Облыста жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі республикалық референдумда дауыс беру сәтті аяқталды. Орталық референдум комиссиясының мәліметінше, өңір тұрғындары жоғары азаматтық белсенділік танытты – электораттың 86,42%-ы дауыс беруге қатысты, бұл көрсеткіш республика бойынша ең жоғары нәтижелердің бірі болды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев референдумда халықтың ерекше белсенді болғанын атап өтіп, бұл тарихи шешім елдің жаңару бағытын айқындағанын және азаматтардың бірлігі мен жауапкершілігінің көрінісі болғанын айтты. Сонымен қатар ол ерекше белсенділік танытқан бірқатар өңірлердің, соның ішінде Шығыс Қазақстанның тұрғындарына ерекше алғыс білдірді.

Облыста референдумға қатысу құқығы бар 485 899 азаматтың 419 093-і дауыс берді. Нәтижесінде олардың 383 526-сы немесе 91,51 пайызы ұсынылған жаңа Ата Заң жобасын қолдап дауыс берген. Осылайша, аймақ халқы елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға деген сенімін паш етті. Көпшілігі бүгінде мемлекеттік саясат азаматтардың өмір сапасына тікелей әсер ететін нақты өзгерістерге бағытталғанын айтуда. Бұл өңірде жүзеге асырылып жатқан нақты жобалар мен бастамалар арқылы да көрініс тауып отыр.

АУҚЫМДЫ АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Соңғы бір жыл ішінде өңірімізде инфрақұрылымды дамытуға және тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар маңызды жобалар іске асты. Ауылдарда коммуналдық мәселелер жүйелі түрде шешіліп келеді. Мәселен, Катонқарағай ауданының Топқайың ауылында ауызсуға қатысты түйткіл түйінінің тарқатылуы тұрғындар үшін көптен күткен жаңалық болды. Бұл – елдімекен халқы үшін тұрмыс сапасын жақсартып, қауіпсіз әрі жайлы өмір сүруге жасалған маңызды қадам.

Өңірде спорт инфрақұрылымы да даму үстінде. Бозанбай және Таврия елді мекендерінде заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ашылды. Аталған нысандар балалар мен ересектерге спортпен айналысуға және белсенді демалыс өткізуге барлық мүмкіндік жасап, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етуде.

Жол саласында да елеулі өзгерістер байқалады. Өңірдегі маңызды жолдардың бірі – Өскемен – Риддер трассасын жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар Теренсай (Осинов) асуын айналып өтетін жол құрылысы аяқталуға жақын. Көп жыл бойы көлік жүйесіндегі ең күрделі жобалардың бірі саналған бұл жол пайдалануға берілгеннен кейін қозғалыс қауіпсіздігі мен көлік қатынасының қолайлылығы айтарлықтай жақсара түспек.

Әлеуметтік салада да оң өзгерістер бар. Өңірде жаңа мектептер салынып, балабақшадағы кезек жойылды. Елдімекендерде заманауи медициналық нысандар ашылып жатыр. Риддер қаласында жаңа көпсалалы аурухана кешені өз жұмысын бастады, ал Өскеменде өңірдегі ең ірі медициналық нысандардың біріне айналатын Гематология орта-



2026 жылғы 15 наурызда өткен республикалық референдумның ресми қорытындылары жарияланды. Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының мәліметінше, ел бойынша референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жалпы саны 12 482 613 адамды құрады. Оның ішінде 9 127 192 азамат дауыс беруге қатысып, жалпы қатысу деңгейі 73,12 пайыз болды.

Жаңа Конституция жобасын қолдап дауыс бергендердің саны 7 954 667 адамға жетті. Бұл – дауыс беруге қатысқандардың 87,15 пайызы.

Дауыс берушілердің жартысынан көбі қатысқандықтан, референдум өтті деп есептелді. Ал жаңа Конституция жобасы өңірлердің кемінде үштен екісінде көпшілік дауыспен қолдау тапқандықтан, қабылданды деп танылды.

лығының құрылысы аяқталуға таяу.

Бұл өзгерістердің барлығын облыс тұрғындары өз көздерімен көріп-біліп отыр. Өйткені мемлекеттік саясаттың басты назарында адам, оның әл-ауқаты мен қауіпсіздігі тұр.

Айта кету керек, облыста референдумға дайындық екі айға жуық уақыт бойы жүргізілді. Жаңа Конституция жобасы 12 ақпанда жарияланғаннан кейін өңірде ауқымды ақпараттық-түсіндіру науқаны басталды. Өңірлік штаб жұмысына 500-ден астам адам, жүздеген ерікті мен қоғам белсенділері қатысты. Олар тұрғындармен, еңбек ұжымдарымен, мәслихат депутаттарымен және түрлі әлеуметтік топ өкілдерімен кездесулер өткізіп, ақпараттық материалдар таратып, Ата Заңға ұсынылған өзгерістерді жан-жақты түсіндірді.

Үгіт-насихат материалдары қаладағы көшелер мен даңғылдарда, сауда орталықтарында, қоғамдық көліктерде және адам көп жиналатын басқа да орындарда орналастырылды. Штаб мүшелері әр тұрғынға ақпарат жеткізуге тырысып, қойылған сұрақтарға жауап беріп, ел болашағына қатысты ұсыныстарды талқылады.

Сонымен қатар референдумға дайындық ірі қоғамдық шаралармен қатар жүрді. Мәселен, 28 ақпанда Max Mall сауда-ойын-сауық орталығында «Жастар таңдауы – жаңа Ата Заң» атты live-концерт өтті. Оған шамамен 12 мыңға жуық адам жиналды. Көрермендер алдында танымал әншілер Еркін Нұржанов, Sadraddin және Мирас Жүгінісов өнер көрсетті. Ал келесі күні өткен «Балықшы Fest» балық аулау фестивалі мыңдаған әуесқой балықшының басын қосты.

Облыс орталығы тұрғындары үшін тағы бір маңызды оқиға – әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға жаңа

пәтерлердің кілтін табыстау болды. Наурызнама онкүндігіндегі Көрісу күні – Амал мерекесімен тұспа-тұс келген салтанатты шара көптеген отбасы үшін талай жыл күткен ерекше сәт, оң өзгерістердің және болашаққа деген сенімнің символы болды.

БОЛАШАҚ ҮШІН БЕРІЛГЕН ДАУЫС – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Референдум облыста жоғары ұйымшылдықпен әрі белсенді түрде өтті. Өңір тұрғындары таңнан бастап дауыс беру учаскелеріне келді. Маңызды саяси науқанға облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов та қатысып, азаматтық ұстанымын білдірді.

Аймақ басшысы Өскемен қаласындағы №42 орта мектеп ғимаратында орналасқан №9 референдум учаскесінде дауыс берді. Ол референдумға отбасымен бірге келіп, белгіленген тәртіпке сай дауыс беру рәсімінен өтіп, өз таңдауын жасады.

Нұрымбет Сақтағанов бұл маңызды саяси науқанның ел болашағы үшін айрықша мәнге ие екенін атап өтті. Оның айтуынша, қоғамның дамуы мен мемлекет келешегі әр азаматтың белсенділігіне тікелей байланысты.

Облысымызда референдум ашық әрі әділ өтуі үшін барлық қажетті жағдай жасалды. Дауыс беру қарқыны да жақсы. Қазақстанның азаматы ретінде еліміздің, балаларымыздың болашағы үшін өз дауысымызды бердік, – деді аймақ басшысы.

Дауыс беру рәсімінен кейін қала ақсақалдары жиналған қауымға ақ батасын беріп, ел бірлігі мен мемлекет тұрақтылығын тіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Денис Рыпаков та өз таңдауын жасады. Ол дауыс беру учаскесіне келіп, азаматтық міндетін орындап, маңызды саяси науқанда белсенділіктің үлгісін көрсетті. Мәслихат төрағасы айтулы күнді ел болашағына қатысты стратегиялық шешімдер қабылданатын маңызды кезең екенін атап өтті.

– Еліміз тағдырлы, шешуші кезеңде тұр. Референдум – атқарылған толағай жұмыстардың логикалық нәтижесі, – деді Денис Рыпаков.

Дауыс беру күні референдум учаскелері штатты режимде жұмыс істеді. Тұрғындар дауыс беруге отбасыларымен, әріптестерімен, тіпті бір көшенің тұрғындары болып бірге келді. Дауыс берушілерге ыңғайлы болу үшін қоғамдық көліктерде тегін жол жүру ұйымдастырылды.

Өңіріміздің қала-аудандарында ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері, мәдени іс-шаралар өтіп, жылы әрі мерекелік атмосфера қалыптасты. Қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынылып, әуелете ән шырқалып, концерттік бағдарламалар ұйымдастырылды.

Дауыс беруге қоғамның түрлі топтарының өкілдері қатысты. Олардың қатарында көпбалалы аналар, еңбек ардагерлері, спортшылар, этномәдени бірлестіктер мүшелері, жұмысшылар мен қызметкерлер болды. Әсіресе ел болашағын қалыптастыратын жастардың белсенділігі ерекше байқалды.

Облыстық аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Кинугул Бичуиновтың айтуынша, дауыс беру үдерісі заң талаптарына сәйкес өтіп, ешқандай заңбұзушылық тіркелмеген.

– Облыс бойынша референдумды өткізу үшін 533 учаске жұмыс істеді, олардың жұмысына 3 мыңнан астам комиссия мүшесі тартылды. Учаскелерде аккредиттелген қоғамдық бірлестіктерден 1,5 мыңнан астам байқаушы, сондай-ақ ТМД-дан екі халықаралық байқаушы жұмыс істеді. Дауыс беру барысында заңбұзушылықтар тіркелген жоқ, – деді ол.

Референдум барысын облыста бірнеше қоғамдық ұйымның тәуелсіз өкілдері тұрақты бақылады. Олардың қатарында республикалық және шетелдік байқаушылар да бар. Мәселен, «Дауыс» тәуелсіз қоғамдық байқаушылар коалициясының үйлестірушісі Руфит Ахмедзяновтың айтуынша, дауыс берушілердің жоғары белсенділігі бірден көзге байқалған.

– Референдум барысында электораттың белсенділігі өте жоғары екендігі байқалды. Жастар да, жасамыс адамдар да көптеп қатысты. Дауыс беруге келіп қана қоймай, учаскелік комиссия басшыларына толғандырған сауалдарын да қойып жатты. Осыған қарап халықтың саяси көзқарасының жоғарылап, белсенділігі артқанын, өз дауыстарының қаншалықты маңызды екендігін түсінгендерін байқадық, – деді ол.

Жалпы алғанда, облыста референдум ұйымдасқан түрде әрі азаматтардың жоғары қоғамдық белсенділігімен өтті. Дауыс беруге халықтың көптеп келуі өңір тұрғындарының бірлігін, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп жатқан реформаларына толық сенімі мен қолдауын, елдегі маңызды қоғамдық-саяси процестерге қатысуға дайын екенін айқындады.

Шығыс Қазақстан кезекті рет азаматтық жауапкершілік пен саяси мәдениеттің жоғары деңгейін көрсетті. Өңір адамды – оның құқықтарын, әл-ауқатын және болашаққа деген сенімін басты құндылық ретінде сақтай отырып, алға қарай зор сеніммен қадам басып келеді.

«Didar» ақпарат

#КЕҢЕС

Тасқын мен өрт қауіпсіздігіне дайындық күшейтілді

✍ Айdos МЫРЗАХМЕТОВ
📷 Жібек НҰРАХМЕТ

Облыста көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында кешенді алдын алу шаралары қарқынды жүргізілуде. Су тасқыны қауіпін дер кезінде анықтап, жедел әрекет ету мақсатында Төтенше жағдайлар департаментінде тәулік бойы жедел штаб қызмет етуде. Жұмыс тобы тасқын жағдайына тұрақты мониторинг жүргізіп, барлық тиісті қызметтердің іс-қимылын үйлестіруде.

Күрделі жағдай туындаған мезетте шұғыл әрекетке көшетін 3677 адамнан тұратын азаматтық қорғау күші дайын. Сонымен қатар, 556 бірлік техника, 75 жүзу құралы және 234 мотопомпа жұмылдырылмақ. Бұл құрамға ТЖД бөлімшелері, құтқару батальоны, жергілікті атқарушы органдар, Ұлттық Ұлан, Полиция департаменті және Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері кіреді.

– Халықты эвакуациялау және күштерді жедел жеткізу үшін 11 әуе кемесі, соның ішінде Ми-8 және Ми-2 тікұшақтары тұрақты дайындыққа қойылған. Жыл басынан бері Үлкен Нарын, Самар, Алтай, Катонқарағай және Ұлан аудандарындағы су тасқыны қауіпі бар учаскелерге үш рет әуеден бақылау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері аумақта қар жамылғысының қалың екенін, Бұқтырма өзенінің толықтай мұз құрсауында жатқанын, тек кей жерлерде ғана ойықтар байқалатынын көрсетті, – дейді ШҚО ТЖД бастығы Рашид Блялов.

Жақында ТЖД мамандары жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп Алтай ауданы мен Риддер қаласындағы қауіпті учаскелерді тексеріп, қорғаныс құрылыстары мен елді мекендердің дайындығын бағалады. Келесі әуеден



бақылау Марқакөл, Тарбағатай және Зайсан аудандарында жүргізіледі.

«Қазгидромет» РМК мәліметіне сәйкес, Зайсан, Шемонаиха, Тарбағатай және Үлкен Нарын аудандарында қар қоры көпжылдық орташа көрсеткіштен жоғары. Соған қарамастан, облыс өзендеріндегі гидрологиялық жағдай әзірге тұрақты, су деңгейі қауіпті межеден төмен деңгейде сақталып отыр. Алдағы уақытта өңірде тағы да қалың қар жаууы ықтимал, наурыздың 20-нан кейін жағдай тағы бір мәрте таразыға салынбақ.

Көлік инфрақұрылымын қорғау бағытындағы жұмыстар да жүйелі жүргізілуде. Қазіргі уақытта су өткізу құбырларының 58 пайызы және көпірлердің 71,6 пайызы тазартылған. Бұл жұмыстарды 20 наурызға дейін толық аяқтау жоспарланған. Еріген қар сулары кедрерсіз өткізу үшін инертті материалдар, құм толтырылған қаптар мен қажетті құрал-жабдықтар алдын ала дайындалды. Өткен дүйсенбіде Тарбағатай ауданындағы «М-38 Омбы

– Майқапшағай – Шілікті – Ақжар» облыстық жолында еріген қар суы жол үстінен асқанымен, жабыны шайылмады, көлік қозғалысы тоқтаған жоқ. Жалпы ұзындығы 5,2 мың шақырымды құрайтын облыс жолдарында төрт мыңға жуық су өткізу құбыры мен 250-ден астам көпір бар.

– Кейбір құрылыстардың сырт көзге көрінбейтін ақаулары болуы мүмкін. Сондықтан гидротехникалық нысандардың жайын қатаң бақылауда ұстау қажет. Судың өсу деңгейін, гидрологиялық жағдайларды қадағалап отырыңыздар. Төтенше жағдайлар қызметі күтілетін су тасқындарының даму жоспары болжамына сәйкес жұмыстарды ұйымдастыруы қажет. Шұғыл әрі қауіп төндіріп тұрған болжамдарды күн сайын ұсынып отырыңыздар, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Өрт қауіпсіздігі мәселесі де ерекше назарда. Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, жыл басынан бері тіркелген өрттердің басым бөлігі тұрғын үй секторында болған, сондай-

ақ көлік құралдарының жану фактілері де кездескен. Негізгі себептер – электр жабдықтарын және пешпен жылыту жүйелерін пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталмауы. Өрт салдарынан 11 адам көз жұмса, олардың үшеуі балалар. ТЖД деректеріне сәйкес, барлық қайғылы оқиғаларда балалар ересектердің қарауынсыз қалған.

Кеңес барысында еліміздің басқа өңірлерінде орын алған резонансты оқиғалар – Щучинск қаласындағы дәмханада газ-ауа қоспасының жарылуы мен Семейдегі ойын-сауық орталығындағы өрт те тілге тиек етіліп, адамдар көп жиналатын нысандардағы қауіпсіздік талаптарын күшейту қажеттігі атап өтілді.

Аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов су тасқынына дайындық пен өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу шараларын күшейтуді тапсырды. Қала және аудан әкімдіктеріне ТЖД-мен бірлесіп халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту, әсіресе, көпбалалы отбасылар, қарттар мен әлеуметтік осал топтар тұратын үйлерге ерекше назар аудару міндеттелді.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына тұрмыстық газ баллондарын және газ жабдықтарын пайдалану барысында қатаң бақылауға алып, газ-техникалық инспекция жұмысына серпін беру жүктелді. Ал Білім басқармасына ата-аналар арасында балаларды қараусыз қалдырмау жөніндегі түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, мектептерде қауіпсіздік сабақтары мен эвакуациялық жаттығулар ұйымдастыру ұсынылды.

Сондай-ақ, кәсіпкерлермен және адамдар көп жиналатын нысандар иелерімен өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігі айтылды. Бұл талаптар, әсіресе, алда келе жатқан Ораза айт пен Наурыз мейрамы қарсаңында өзекті. Жалпы өңірдегі су тасқыны мен өрт қауіпсіздігі жағдайы тұрақты бақылауда.

#ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Көпірлердің жай-күйі жан-жақты тексерілмек

✍ Ержан ӘБІШ

Өңірдегі автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 5200 шақырымнан асады. Өткен жылы 900 шақырым автожол жөнделіп, негізгі транзиттік бағыттар жаңғыртылды. Енді өңірдегі 361 көпірдің техникалық жай-күйі тексеріліп, жөндеуді қажет ететін нысандар бойынша кешенді жоспар әзірленбек.

Бытыр облыс бойынша жол құрылысы саласында рекордтық көрсеткіштер байқалды: шамамен 900 шақырым автомобиль жолы жөнделіп, бұл мақсатқа бюджеттен 90 миллиард теңге бағытталды. Осы қомақты инвестицияның нәтижесінде Талдықорған – Қалбатау – Өскемен және Қалбатау – Майқапшағай сынды негізгі көлік дәліздерін жаңғырту жұмыстары толық аяқталды. Бұл бағыттар – тек өңір ішіндегі емес, көршілес мемлекеттермен сауда-саттықты арттыратын маңызды транзиттік артериялар. Қазіргі уақытта Тереңсай (Осинов) асуы учаскесінде Өскемен – Алтай – Рахман қайнары автожолын жаңарту және Өскеменде заманауи жол айрығын салу жұмыста-



ры жалғасуда.

– Жол жөндеу барлық аудан-қалаларда негізгі бағыт ретінде қарастырылады. Әсіресе, өңірдің туристік әлеуетін арттыратын бағыттарға ерекше басымдық берілген. Осы жылы 300 шақырым жол жөнделмек, – дейді облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Нұрбек Тұраров. – Шығыстың қатал қысы да жол қауіп-

сіздігіне ерекше жауапкершілік жүктейді. Осы орайда барлық деңгейдегі жолдарды қысқы күтіп-ұстауға 806 арнайы техника дайындалған. Олар қалалар мен аудандардың климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, бөлінген.

Аса күрделі учаскелерде, атап айтқанда Тарғын, Марқакөл, Егіндібұлақ ауылдары мен Шемонаиха қаласында төрт жол пайдалану пункті және Өміш

асуында, Тарғын, Егіндібұлақ, Ұранқай ауылдарында төрт жылыту пункті тұрақты жұмыс істейді. Қараша айынан бастап операторлардың тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылған. Өткен жылдың тәжірибесі көрсеткендей, жол ұйымдарының, полиция және төтенше жағдайлар бөлімдерінің үйлесімді жұмысы арқасында адам шығынына жол берілген жоқ.

– Өңірдегі өзекті мәселелердің бірі – көпірлердің жай-күйі. Облыста жалпы ұзындығы 11 мың метр болатын 361 көпір бар. Зерттеу нәтижелері бойынша, олардың 73-і жақсы, 230-ы қанағаттанарлық жағдайда болса, 58 көпір қанағаттанарлықсыз күйде және жөндеуді қажет етеді. Осы мәселені шешу үшін биыл мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен толық техникалық зерттеу жүргізу жоспарланған, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Бұл зерттеу көпірлерді қалпына келтірудің кешенді жоспарын құруға негіз болады. Сонымен қатар Өскемендегі Ертіс көпірін жөндеу жобасы әзірленуде, жұмыстар жазда басталады.

Аталмыш шешімдердің барлығы өңірдің көлік әлеуетін арттыруға және тұрғындардың қауіпсіз қатынауын қамтамасыз етуге бағытталған.

#ЖОБА

«Шығыс шақырады» – жаңа мүмкіндіктер мекені

Шығыс Қазақстанда көші-қон мәселесі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін негізгі факторлардың біріне айналып отыр. Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыстан төрт мыңға жуық адам көшіп кеткен. Осы үрдісті бәсеңдетіп, өңірдің демографиялық әлеуетін нығайту мақсатында аймақта «Шығыс шақырады» өңірлік жобасы жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама жаңа тұрғындарды тартуға, оларды жұмыспен қамтуға және тұрақты өмір сүруге жағдай жасауға бағытталған.

Жоба аясында еліміздің бірқатар өңірінен қоныс аударушыларды қабылдау көзделген. Атап айтқанда, Алматы, Түркістан, Маңғыстау, Жамбыл, Қызылорда облыстары мен Жетісу өңірінен, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан көшіп келуге ниетті азаматтарға мүмкіндік ұсынылады. Бағдарламаның басты мақсаты – еңбек ресурстарын толықтырумен қатар, өңірдегі демографиялық теңгерімді сақтау.

Статистикаға сүйенсек, өткен жылы облысқа шамамен 800 адам қоныс аударған. Оның ішінде екі жүзден астамы – тарихи отанына оралған қандастар, ал 600-ге жуығы Қазақстанның өзге өңірлерінен көшіп келген азаматтар. Келгендердің арасында жоғары білімі бар 82 адам, орта арнаулы білімі бар 110 маман бар. Еңбекке қабілетті үш жүзден астам адамның 195-і тұрақты жұмыспен қамтылды.



Қоныс аударушыларды қолдау мақсатында мемлекет тарапынан қомақты қаржы бөлініп отыр. Былтыр бұл бағытқа 496 миллион теңге қарастырылған. Соның нәтижесінде 181 отбасыға көшуге арналған субсидия беріліп, оған 173 миллион теңге жұмсалды. Сонымен қатар 60 отбасыға тұрғын үйді жалға алу шығындарын өтеу үшін 18 миллион теңге бөлінді. Ал 72 отбасыға баспана сатып алу үшін экономикалық мобильдік сертификаттары табысталып, олардың жалпы сомасы 276 миллион теңгені құрады.

«Шығыс шақырады» жобасының тағы бір ерекшелігі – қоныс аударушы-

ларды ынталандырудың жаңа тетіктері қарастырылған. Бағдарлама төрт негізгі бағыт бойынша іске асырылады. Біріншісі – өз кәсібін бастауға ниетті азаматтарға 2,9 миллион теңгеге дейін қайтарымызсыз мемлекеттік гранттар беру. Екіншісі – ауылдық елді мекендердің мектеп түлектеріне колледждер мен жоғары оқу орындарында білім алу үшін арнайы гранттар ұсыну. Үшіншісі – «Отбасы банкі» арқылы жылдық мөлшерлемесі 5 пайыз болатын, 20 миллион теңгеге дейінгі жеңілдетілген тұрғын үй несиеін беру. Төртінші бағыт – жергілікті кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі аясында бос тұрған үй-

лерді жөндеп, қоныс аударушыларға тұруға дайындау.

Сонымен қатар, жоба шеңберінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары да тұрақты жүргізіліп келеді. Өңірде өмір сүру, еңбек ету және кәсіп бастау мүмкіндіктері туралы мәліметтер түрлі кездесулер мен іс-шаралар арқылы кеңінен насихатталуда.

Биыл облысқа 600 адамды көшіру жоспарланып отыр. Оның ішінде 200 қандас пен 400 қоныс аударушы бар. Бұл бастама өңірдегі еңбек ресурстарын толықтырып қана қоймай, ауылдық елді мекендердің дамуына да серпін береді деп күтілуде.

Бағдарламаның тағы бір маңызды бағыты – процестерді цифрландыру. Қоныс аударушыларды сүйемелдеу жұмыстары FSMSocial мобильді қосымшасы арқылы жүргізіледі. Бұл жүйе арқылы келген азаматтардың деректері тіркеліп, көрсетілген қызметтер бойынша фото және бейне есептер енгізіледі. Сонымен қатар, әрбір отбасының қажеттілігі жеке анықталып, жұмысқа орналасу, әлеуметтік төлемдер алу және тұрғын үй мәселесін шешу бағытында кешенді қолдау көрсетіледі.

Осылайша «Шығыс шақырады» жобасы тек көші-қон бағдарламасы ғана емес, өңірге жаңа мүмкіндіктер алып келетін әлеуметтік-экономикалық бастамаға айналып отыр. Сарапшылардың пікірінше, мұндай жобалар еңбек ресурстарының теңгерімін сақтауға, халық санын тұрақтандыруға және аймақтардың дамуындағы алшақтықты азайтуға мүмкіндік береді.

«Didar» ақпарат

#СПОРТ

Сноубордтан ел чемпионаты өтуде

✍ Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

Өңірде сноубордтан ел чемпионаты мен жастар біріншілігі жалауын көтеріп, қар үстіндегі тартысты бәсекелер басталды.

Биылғы додаға еліміздің түкпір-түкпірінен келген 60-қа жуық спортшы қатысуда. Өскемен мен Риддер қалаларының, сондай-ақ Алматы қаласы мен Алматы облысының спортшылары бір трассада бақ сынап, өзара мықтыны анықтауда.

Жарыс параллель форматта ұйымдастырылған. Бұл формат спортшылардың жылдамдығы мен техникасын қатар талап етіп, бәсекенің тартымдылығын арттыра түседі. Бір ерекшелігі – тәжірибелі спортшылар мен жас буын өкілдері бір алаңда өнер көрсетіп, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік алып отыр.

Жастар біріншілігі 7 жастан 20 жасқа дейінгі төрт жас санатын қамтиды. Ал ересектер арасындағы чемпионатта 16 жастан асқан спортшылар сынға түсуде. Барлық жарыстар халықаралық FIS талаптарына сай ұйымдастырылып, төрелік пен қауіпсіздік мәселелері толық бақылауға алынған.

Қысқы спорт түрлерінен олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Мұрат Байбулов өңірдің қысқы спорттағы орны ерекше екенін атап өтті.

– Бұл чемпионат жыл сайын өткізіледі. Биыл да халықаралық талаптарға сай ұйымдастырылды. Қауіпсіздік пен төрелік сапасы басты назарда. Шығыс Қазақстан – қысқы спорттың ордасы. Мұндай жарыстар болашақ чемпиондардың қалыптасуына жол ашады, – деді мектеп директоры.

#«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Волонтерлер аялдамаларды заңсыз жарнамадан тазартты

✍ Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

📷 Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Өскемен қаласында «Таза Қазақстан – жастар таңдауы» бағдарламасы аясында экологиялық акция ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – қоғамдық орындардың тазалығын сақтау, аялдамалар мен көшелерде рұқсатсыз жапсырылған жарнамаларды алып тастау және жастар арасында тазалық мәдениетін қалыптастыру.

Акцияны Өскемен қаласы әкімдігінің Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды. Шараға «Қалалық волонтерлер фронт-офисінің» ерікті жастары қатысып, қаланың бірнеше қоғамдық орнында тазалық жұмыстарын жүргізді.

Акция барысында волонтерлер аялдамалық кешендерді аралап, рұқсатсыз жапсырылған жарнамаларды алып тастады. Атап айтқанда, «Халифа Алтай» мешіті, Облыстық драма театры, Спорт кешені, Сәтбаев даңғылы аялдамалары маңында тазарту жұмыстары жүргізілді. Мұндай бастама қаланың эстетикалық келбетін сақтауға және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай акциялардың басты мақсаты – жастарды қоғамдық жұмыстарға тарту және қаланың көркін сақтауға тәрбиелеу. Волонтерлер аялдамалар мен қоғамдық орындарда заңсыз ілінген жар-



намаларды алып тастау арқылы қалада тазалық пен тәртіптің сақталуына үлес қосып келеді.

– Біздің басты мақсатымыз – жастардың бойында қаланың көркін сақтау мәдениетін қалыптастыру. Аялдамаларда заңсыз жапсырылған жарнамаларды алып тастап, қаланың эстетикалық келбетін сақтауға атсалысып жатырмыз. Мұндай қоғамдық жұмыстар жастардың жауапкершілігін арттырады, – деді Өскемен қаласы волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі Анель Шарипжанова.

Акцияға студент жастар да белсенді қатысуда. Атап айтқанда, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Жоғары колледжі студенттері тазалық жұмыстарына атсалысып, қаладағы экологиялық бастамаларды қолдауда.

Жас волонтер Алижан Жанарбеков волонтерлікпен бала кезінен айналысып келе жатқанын айтады. Оның пікірінше, адамдарға көмек көрсету мен қоғамға пайдалы іс жасау – қазақ халқының бойындағы ізгі қасиеттердің

бірі.

Айта кетейік, Қазақстан заңнама-сына сәйкес аялдамаларға, жарық бағандарына және ғимараттардың қасбеттеріне рұқсатсыз жарнамалық хабарландырулар жапсыруға тыйым салынған. Мұндай әрекет әкімшілік құқық бұзушылық болып саналады және заң бұзған азаматтарға айыппұл қарастырылған. Жарнамалық хабарландырулар тек арнайы белгіленген орындарға – хабарландыру тақталарына ғана, жергілікті әкімдіктің рұқсатымен орналастырылуы тиіс.

Жалпы, елімізде жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы соңғы жылдары кең қолдау тауып келеді. Мәселен, 2025 жылы бұл бастамаға 6,9 миллионнан астам адам қатысып, 1,1 миллион гектардан астам аумақ тазартылған. Нәтижесінде мыңдаған тонна қоқыс шығарылып, көптеген жасыл желек отырғызылды.

Облыста өткен жылы жастар ресурстық орталықтары экология тақырыбында 191 түрлі іс-шара ұйымдастырып, оған 30 мыңға жуық жас қатысқан. Сонымен қатар өңірде 2 мыңнан астам аула тазартылып, 75 мыңнан астам ағаш көшеті отырғызылды.

Жыл бойы өткізілген шаралардың қатарында сенбіліктер, тазалық акциялары, ағартушылық кездесулер, сондай-ақ жастар арасында танымал болған «Таза ойындар», эко-квесттер және әуенді сенбіліктер бар. Мұндай бастамалар тұрғындар тарапынан жоғары бағаланып, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыруға елеулі үлес қосып келеді.

#ШАҺАР ТЫНЫСЫ

Өскемендегі Меновное ауылында жаңа сквер бой көтереді

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

Облыс орталығында ел көп жиналатын қоғамдық орындарды жаңғырту бағытында ауқымды жұмыстар жоспарланып отыр. Қаланы абаттандыруға қатысты жаңа жобалар жайында Өскемен қаласы әкімі Алматы Ақышов қоғам белсенділері және депутаттар қатысқан жиында баян етті.

Негізгі жобалардың бірі – Стрелка шағын ауданында жаяу жүргіншілер аймағын қалыптастыру. Ол Жеңіс мемориалынан Андреев кафедралық соборына дейін созылады. Жол бойында тұрғындардың серуендеуіне қолайлы демалыс орындары, арнайы алаңдар мен абаттандыру элементтері орнатылмақ.

Сонымен бірге, амфитеатр маңындағы жағалау да айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Қазір бұл аумақ жаяу жүргіншілерге қолайсыз. Жоба аясында кешенді абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, орындықтар қойылады, жайлы серуендеу ортасы ұйымдастырылады. Сондай-ақ, жылы мезгілде бұқаралық іс-шаралар өткізуге арналған сахна салынады. Бұдан бөлек, бұл жерде биіктігі 50 метрлік ту ілетін тұғыры орнатылмақ.

– Аталған жұмыстар қаланың өзге



аудандарын да қамтиды. Студенттер қалашығында жаңа шағын саябақ пайда болады, Бражий бұлағы маңында демалыс аймағы абаттандырылады. «Самал» саябағында футбол алаңы жаңартылып, белсенді және отбасылық демалысқа арналған жаңа орындар жасалады. Бұған қоса, Әуезов даңғылы бойында Қазақстан көшесіндегі секілді серуендеу аймағы ұйымдастырылады. Назарбаев даңғылы, 8/1 мекенжайы алдындағы аллея да ретке келтіріледі, – деді Алматы

Талғатұлы.

Сонымен қатар, жаңа қоғамдық кеңістіктер қала орталығынан тысқары аудандарда да жалғасады. Мәселен, Меновное ауылында жаңа сквер салынбақ.

Алматы Ақышов қаланы абаттандыру жұмыстары тұрғындармен тығыз байланыста жүзеге асырылатынын атап өтті. Өскемендіктердің барлық ұсыныстары мен бастамалары қарастырылып, қаланың даму жоспарына енгізілетін болады.

#ДЕНСАУЛЫҚ

Емдеу сапасына қарай бағаланбақ

✍ Ержан ӘБІШ

Елімізде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында қызмет көрсететін медициналық ұйымдардың жұмысын бағалау тәсілі өзгереді.

Енді негізгі назар пациенттерді қабылдау санына емес, емдеу сапасы мен науқастардың денсаулық жағдайына аударылады.

Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараты бойынша, жаңартылған сапа көрсеткіштері Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен келісімшарт жасасқан барлық медициналық ұйымдарға қолданылады.

Енді медициналық ұйымдардың жұмысын бағалауда пациенттердің шағымдарының азаюы, халықты вакцинациямен қамту деңгейі, ауыр сырқаттан кейін науқастарды уақтылы бақылау және алдын алу шараларының тиімділігі есепке алынады.

Созылмалы аурулары бар азаматтарға ерекше назар аударылмақ. Әсіресе қант диабеті, жүрек-қан тамырлары және тыныс алу жүйесі аурулары бар пациенттер үшін нақты көрсеткіштер енгізіледі. Бұл науқастарды тұрақты бақылауды және дер кезінде емдеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мәселен, қант диабетімен ауыратын пациенттер арасында аяқ-қол ампутациясы жағдайларын азайту медициналық көмектің тиімділігін бағалайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болмақ.

#ТӘРБИЕ

«Ерте жастан еңбекке баулу» пилоттық жобасы іске асуда

✍ Ержан ӘБІШ

Жыл басынан бері еліміздегі балабақшаларда «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы жүзеге асуда. Жобаның басты мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың мамандықтар әлеміне қызығушылығын арттыру, еңбекке деген оң көзқарасын қалыптастыру және түрлі іс-әрекеттер арқылы олардың жеке қабілеттерін дамыту.

Пилоттық жобаға еліміздің 20 өңірінен 100 мектепке дейінгі ұйым қатысуда. Жоба аясында балабақшаларда балаларға арналған арнайы тәжірибелік бағыттар ұйымдастырылуда, оның

ішінде зергерлік және қолөнер шеберханасы, аспаздық, тігіншілік, инженерлік зертхана, құрылыс алаңы, жылыжай және бау-бақша алаңы.

Бұл алаңдар арқылы балалар еңбек түрлерімен танысып, шығармашылық және практикалық дағдыларын дамыта алады. Пилоттық жобаны іске асыру үшін арнайы әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтар, сондай-ақ іс-қимыл жоспары әзірленді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлі танымдық және тәжірибелік іс-шаралар өткізу жоспарланған. Мамандардың айтуынша, бұл бастама балалардың еңбекке құрметпен қарауын қалыптастырумен қатар олардың шығармашылық әлеуетін арттыруға және болашақ мамандықтар әлеміне қызығушылығын оятуға ықпал етеді.



#БІЛІМ

Ұландықтар ұлағатты ғалымды еске алды



Қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш педагогика ғылымының докторы, академик Күләш Құнантаеваның 95 жылдығына орай еліміздің түкпір-түкпірінде бірқатар тағылымды іс-шаралар өткізіліп жатыр. Ғалымның туған жері – облысымыздың Ұлан ауданында да мерейтойлық шаралар легі жалғасуда.

Ғалымның ғылыми-педагогикалық мұрасын насихаттау және өскелең ұрпаққа үлгі ету мақсатында Ұлан ауылындағы Сәрсен Аманжолов атындағы орта мектепте «Ұлан – ғалымдар түлеткен киелі мекен» атты ардагер ұстаздармен кездесу өтті. Сондай-ақ мектеп музейінде ғалымға арналған арнайы көрме ашылды. Мазмұны терең әрі танымдық шара жас ұрпаққа тағылымды тәрбие мен сапалы білім берудің маңызын айқындап, ұрпақтар сабақтастығының жоғалмағанын көрсетті.

– Күләш Құнантайқызы – 1968-1984 жылдары Қазақ қыздар пединститу-

тын ең ұзақ уақыт басқарған ректор. Ол отандық педагогика ғылымының дамуына сүбелі үлес қосты. Білім ордасын жаңа деңгейге көтерді, оқу ғимараттары мен жатақханаларды салдыртты. Оның тікелей ықпалымен 80 пәтерлік тұрғын үй салынып, баспанасыз жүрген институт мұғалімдеріне берілген еді, – деп еске алды отбасымен бірге келген ғалымның немере-інісі Орал Құнафин.

Сонымен қатар жиында осы мектептің түлегі, Астана халықаралық университетінің ректоры Анар Мырзағалиева мен ғалымның жиені Сәуле Ыбыраева бейнебайланыс арқылы ізгі тілектерін білдірді.

Күләш Құнантайқызы 1952 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, 1966 жылы «Қазақстан оқушыларының бірлестіктері» тақырыбында кандидаттық және 1981 жылы «1920-1975 жылдардағы Қазақстандағы әйелдер білімінің дамуы» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған болатын. Қазақ КСР жоғары және орта білім министрінің орынбасары сынды жоғары лауазымды абыроймен атқарды.

#МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Наурызнама онкүндігі: жаңару мен жаңғырудың жаңа кезеңі

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

Халқымыздың тарихы тереңде жатқан ұлы мерекесі – Наурыз мейрамын жыл сайын ерекше дайындықпен қарсы аламыз. Бұл мереке – жаңару мен жаңғырудың, бірлік пен берекенің символы. Елдік тұрғыда жаңа құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған Наурыздың көпұлтты халқымыз үшін маңызы айрықша. Биыл өңіріміз Ұлыстың ұлы күнін қалай қарсы алатыны туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.

Тәуелсіздік қарсаңында, 1991 жылдың 15 наурызында қабылданған жарлыққа сәйкес, Наурыз көктемгі халықтық мереке ретінде қайта жаңғырды. Кейін 2009 жылдың 22 сәуірінде «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға өзгерістер енгізіліп, Наурыз мейрамы 21–23 наурыз аралығында ресми түрде аталып өтетін болды.

2016 жылдан бері Наурыз мейрамы ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген. Бұл – ұлттық дәстүріміздің халықаралық деңгейде танылғанының



Садырбаев.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, тарихи фотосуреттерді ЖИ көмегімен жаңғырту, виртуалды дефилелер мен әлеуметтік желілердегі мәдени челленджер ұлттық мұраны жас ұрпаққа қолжетімді әрі қызықты етіп ұсынуға мүмкіндік береді.

Осы мақсатта мемлекеттік органдардың интернет ресурстарында және eGov.kz порталында арнайы «Digital Наурыз» парақшасы құрылды. Ал eGov mobile қосымшасы арқылы орталық

• 20 наурыз – Ұлттық спорт күні. Бұл күні асық ату, садақ ату, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, арқан тарту сияқты ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізіледі.

«АЛТАЙЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АЙТЫС

Шығыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының басшысы Самат Қасеновтың айтуынша, 14–23 наурыз аралығында өтетін «Наурызнама» онкүндігі аясында облыстық мәдениет басқармасына қарасты 13 мекемеде 120-дан астам ауқымды іс-шара жоспарланған. Олар облыс тұрғындары мен қонақтарын қамтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеп, салт-дәстүрді заманауи технологиялармен ұштастыруды көздейді.

Наурызнама онкүндігі тақырыптық күндерге бөлініп, әр күн белгілі бір мазмұндық бағытты қамтиды. Алайда мерекелік іс-шаралар мұнымен аяқталмайды.

– 26 наурыз күні алғаш рет «Командалық айтыс» мега-жобасы аясында «Алтайым – алтын бесігім» атты республикалық командалық айтыс өткізу жоспарланып отыр. Аталған шарада Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының ақындары мен дәстүрлі өнерпаздары арасында шығармашылық сайыс ұйымдастырылады. Жобаның басты ерекшелігі – оның командалық форматта өтуінде (әр командада 10 қатысушы). Сонымен қатар, айтыспен бірге терме, жыр, халық әндері мен күй жанрлары да қамтылады, – деді басқарма басшысы Самат Қасенов. – Қыз бен жігіт айтысында жерлесіміз Жұлдызай Маратбекова қарағандылық Нұрмұхаммед Байсүгіровпен айтысып, кештің көркін қыздырып, көрерменге ерекше әсер сыйлайды деп сенеміз.

МЕЙРАМ ЖЕТИ ЛОКАЦИЯДА АТАП ӨТІЛЕДІ

Биыл Өскемен қаласында Наурызнама тұжырымдамасына сәйкес жүзден астам мәдени, бұқаралық, спорттық, танымдық және ғылыми іс-шара ұйымдастыру жоспарланған. Мерекелік шаралар 14 наурыз – Көрісу күнінен басталып, он күн бойы жалғасады.

Қала әкімдігінің мәліметінше, әрбір тақырыптық күн аясында түрлі форматтағы іс-шаралар өтеді. Олардың қатарында отбасылық құндылықтарды насихаттауға, ұлттық дәстүрлерді жаңғыртуға және тұрғындарды мерекелік шараларға кеңінен тартуға бағытталған жобалар бар.

– Негізгі іс-шараларға тоқталсақ, 17 наурыз күні қалалық арбатта «Жан

ана» көпбалалы қоғамдық бірлестігімен бірлесіп, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге және заманауи өзгерістерге бейімделуге бағытталған танымдық іс-шара өткізілді. 18 наурыз – Ұлттық киім күні. Осы күні Maxi Mall сауда-ойын-сауық орталығында өскемендік дизайнерлер тұрғындарға ұлттық киімдердің сән көрсетілімін ұсынды. Сонымен қатар ұлттық киімдердің көрмесі мен сатылымы өтті. 20 наурыз – Ұлттық спорт күні. Бұл күні Комсомол аралында ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтіп, өңірдің мықты спортшылары күш сынасады, – деп нақтылады Өскемен қаласы әкімінің орынбасары Болатбек Мамарбаев.

Болатбек Омарбекұлының түсіндіруінше, қала тұрғындары үшін мерекелік іс-шараларды барынша қолжетімді ету мақсатында Наурыз мерекесі биыл облыс орталығында жеті түрлі локацияда өткізу жоспарланып отыр. 21 наурыз күні мерекелік бағдарламалар «Өскемен» аллеясы (ЖМК), Меновное, Аблакетка, Защита, Күленов ауданы, Сол жағалау шағын аудандары мен Комендантқа өзені маңында ұйымдастырылады.

Ал 22 наурызда мерекенің негізгі қорытынды шарасы дәстүрлі түрде Республика алаңында тойланады. Мейрам күнгі халықтық мерекенің бағдарламасы екі бөлімнен тұрады:

• 11.00 – 14.00 – күндізгі бағдарлама

• 18.00 – 21.30 – кешкі концерттік бағдарлама

• 21.30 – мерекелік оташу

Алаңда бірнеше тақырыптық аймақ ұйымдастырылады. «Юбилейный» кинотеатры жағында ұзын дастархан жайылып, тағамдар мен ұлттық ас түрлері ұсынылады.

Киіз үйлер қалашығы мен ұлттық спорт алаңы ШҚУ-дың 5-корпусы маңында орналасады. Сондай-ақ, интерактивті аймақтар, балалар алаңдары, фотозоналар, шеберлік сабақтары және жәрмеңкелер өтеді.

Мереке барысында «Өскемен өнімдері» атты жергілікті тауар өндірушілердің көрме-жәрмеңкесі, сонымен қатар, ұлттық сусындарды таныстыратын этно-дегустация алаңы, арқанмен жүретіндердің шоуы көрермендердің көзайымына айналады деп күтілуде.

ҰЛЫС КҮНІ РЕКОРД ОРНАТЫЛМАҚ

Облыс тұрғындары Наурыз мейрамы аясында ерекше мәдени бастамаға қатысып, әлемдік рекорд орнатуға ниетті. Өскемен қаласында үш мыңнан астам адам бір уақытта домбырамен әйгілі «Ақ бұлақ» әнін орындап, Guinness World Records кітабына енуге талпынып жатыр.

Қала әкімінің орынбасары Болатбек Мамарбаевтың айтуынша, ауқымды орындау 22 наурыз күні сағат 9:00-де Өскемен қаласының орталық алаңында өтеді. Шара барысында арнайы комиссия келіп, қатысушылардың санын және орындау талаптарының сақталуын тіркейді. Кейін нәтижелер әлемдік рекордтарды тіркейтін Guinness World Records ұйымына жолданады.

Бастамаға облыстың кез келген тұрғыны қатыса алады. Ол үшін 21 наурыз күні сағат 15:00-де орталық алаңда өтетін дайындыққа келу қажет. Ұйымдастырушылар қатысушылардан ұлттық киім киіп келуді, сондай-ақ «Ақ бұлақ» әнінің сөзі мен әуенін алдын ала жаттап келуді сұрайды.

Егер жоспар жүзеге асса, бұл Наурыз мерекесінің аясында ұйымдастырылған ең ауқымды домбыралық орындаулардың бірі болмақ.



айқын дәлелі.

Соңғы жылдары Наурыз мерекесінің мазмұны жаңа сипатқа ие болды. 2024 жылдан бастап мереке «Наурызнама» атты онкүндік форматта кең көлемде атап өтіле бастады. Бұл бастама ұлттық дәстүрдің мазмұнын байытып, оның тәрбиелік және рухани маңызын арттыруға бағытталған.

Биыл облыста Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы ерекше форматта атап өтілмек. Ерекшелігі – жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану.

– Биыл Наурыз мейрамы цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып ұйымдастырылмақ. Наурызнама аясында әр күннің өзіндік мән-мағынасына сәйкес мәдени, тәрбиелік, спорттық және әлеуметтік іс-шаралар өткізіледі. Әсіресе, жастар мен балаларға арналған цифрлық жобаларды кеңейтуге, ұлттық құндылықтарды заманауи форматта дәріптеуге ерекше көңіл бөлінеді. Облыс көлемінде жеті жүзден астам мәдени іс-шара өткізу жоспарланған, – деп атап өтті ШҚО ішкі саясат басқармасының басшысы Айдар

және өңірлік іс-шаралар туралы хабарламалар таратылатын болады.

Наурызнама аясындағы күндердің әрқайсысының өзіндік символикалық мәні бар:

• 14 наурыз – Көрісу күні (Амал мерекесі).

• 15 наурыз – Қайырымдылық күні. Осы күні «Наурыз саудасы» атты мерекелік акция басталды. Оған ел бойынша 300-ден астам сауда нысаны қатысты. Шығыс Қазақстан облысында 15-ке жуық сауда орны тіркелген. Олардың қатарында Infinity Center, Family Market, Magna, Almaty Store, Oblastnoy, Samal, Altai Market, Paragon, ТНП және Imperator сауда орталықтары бар.

• 16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні.

• 17 наурыз – Шаңырақ күні.

• 18 наурыз – Ұлттық киім күні. Бұл күні қала мен аудандарда ұлттық киімді дәріптейтін түрлі шаралар ұйымдастырылды.

• 19 наурыз – Жаңару күні. Барлық өңірде цифрлық даму бағытындағы жобалар таныстырылып, жасанды интеллект пен робототехника саласындағы бастамалар ұсынылды.

#ЗАҢНАМА

Наурыздан бастап қандай өзгерістер күтіп тұр?

2026 жылдың 1 наурызынан бастап елімізде бірқатар заңнамалық өзгерістер күшіне енді. Жаңашылдықтар салық жүйесінен бастап банк саласына, отбасы құқығы мен медицина қызметкерлерін қорғауға дейін бірнеше бағытты қамтиды.

1 наурыздан бастап жаңа Салық кодексіне сәйкес, белгіленген мерзімде салық режимін сақтау немесе өзгерту туралы хабарлама тапсырмаған

кәсіпкерлер автоматты түрде жалпыға бірдей белгіленген салық режиміне көшіріледі. Бұл талап бизнес иелеріне қатысты тәртіпті күшейтіп, салықтық есептілікті нақтылауға бағытталған.

Енді екінші деңгейлі банктердің барлығына тұрғын үй жинақ ақшасын тартуға мүмкіндік беріледі. Сарапшылардың пікірінше, бұл нарықтағы бәсекелестікті арттырып, клиенттер үшін тиімді ұсыныстардың көбеюіне жол ашады.

Сонымен қатар банк секторында тәуекелдерді басқару

және клиенттердің құқықтарын қорғау жүйесі күшейтіледі. Несие беру талаптары қатаңдайды. Егер азаматтың мерзімі өткен қарызы болса, қаржы ұйымдары жаңа қарыз беруден бас тартуға құқылы болады.

Отбасылық құқық саласында да өзгерістер бар. Енді мүлікті бөлуге қатысты даулар бойынша үш жылдық талап қою мерзімі ажырасқан күннен емес, мүліктің құқық бұзылған сәттен бастап есептеледі. Сонымен бірге алимент төлеу тәртібіне қатысты нормалар да

жаңартылды.

1 наурыздан бастап медицина қызметкерлеріне күш қолдану немесе қорқыту әрекеттері үшін жауапкершілік қатаңдатылады. Айыппұл көлемі ұлғайып, ауыр дене жарақатын салу немесе адам өліміне әкелген жағдайларда 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Бұл өзгерістер соңғы уақытта дәрігерлерге жасалған шабуылдардың жиілеуіне байланысты енгізілді.

#КОДЕКС

Белдік тақпаған, телефон қолданған жүргізуші айыппұлдан қаша алмайды

12 наурыздан Қазақстанда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 31-бабына енгізілген өзгерістер күшіне енеді. Соған сәйкес, жол бойындағы бейнебақылау камераларының мүмкіндігі кеңейіп, олар енді бұрын тек жол полициясы қызметкерлері анықтайтын кейбір құқық бұзушылықтарды автоматты түрде тіркей алады.

Атап айтқанда, жаңа жүйе қауіпсіздік белдігін тақпаған немесе көлік жүргізіп келе жатып телефон ұстап отырған жүргізушілерді анықтай алады. Бұған дейін мұндай жағдайларды негізінен жол инспекторлары ғана байқап, хаттама толтыратын.

Жалпы, қауіпсіздік белдігін тақпау немесе телефон қолдану бұрыннан заңмен тыйым салынған. Алайда оны дәл сол сәтте тіркеу қиын болғандықтан, көптеген жағдай назардан тыс қалып келген. Енді бұл тәр-



тіп бұзушылықтарды камералар да бақылап отырады.

Бұған дейін жол камералары автоматты түрде алты түрлі құқық бұзушылықты анықтайтын. Олардың қатарында жылдамдықты арттыру, бағдаршамның қызыл түсіне өту, жол белгілері мен жолақ талаптарын сақтамау, көлікті дұрыс тоқтатпау немесе тұраққа қоймау, басып озу ережесін бұзу

және жаяу жүргіншілерге жол бермеу бар. Ал басқа құқық бұзушылықтарды анықтау үшін міндетті түрде жол полициясының қызметкері қажет болатын.

Жаңа өзгерістерге сәйкес камералар жүргізушінің қолында телефон бар-жоғын немесе қауіпсіздік белдігін таққан-тақпағаны арнайы алгоритмдер арқылы анықтайды. Сонымен қатар, жүйе әрбір көлікті мем-

лекеттік дерекқорлар арқылы тексеріп, техникалық тексерістің мерзімі өтіп кеткенін немесе міндетті сақтандырудың жоқ екенін де автоматты түрде анықтай алады.

Тағы бір жаңашылдық – кейбір жағдайларда жүйе ескерту жасауды да автоматты түрде рәсімдей алады. Мысалы, жолда кептеліс тудыру немесе жарық шамдарын дұрыс пайдаланбау сияқты құқық бұзушылықтар бойынша жүргізушіге ескерту жіберілуі мүмкін. Бұған дейін мұндай шешімдерді тек жол инспекторлары қабылдайтын.

Ішкі істер министрлігі әлеуметтік желілерде тараған кейбір ақпаратқа да түсініктеме берді. Ведомствоның мәліметінше, жаңа жүйе жаяу жүргіншілерге айыппұл салмайды, камералар тек көлік құралдарына қатысты құқық бұзушылықтарды тіркеуге арналған.

Мұндай автоматтандырылған бақылау жүйелері әлемнің бірқатар елінде қолданылып келеді.

#ЖОБА

Мемлекеттік мүлікті басқару ережесі жаңарады

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі мемлекеттік мүлікті басқару мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасын қоғамдық талқылауға шығарып, құжат 18 наурызға дейін ашық талқыланды.

Заң жобасы мемлекеттік активтерді басқарудың бірыңғай жүйесін енгізуді, стратегиялық нысандарға қойылатын талаптарды нақтылауды және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (ӘКК) жұмысын реформалауды көздейді. Құжатта стратегиялық нысандарды анықтау өлшемшарттары нақты көрсетіледі. Яғни, ұлттық қауіпсіздікке, экономиканың тұрақтылығына немесе елдің аумақтық тұтастығына ықпал ететін инфрақұрылым ғана стратегиялық нысандар



қатарына енгізіледі.

Жекешелендіру инвестиция тарту және жұмыс орындарын сақтау шарттарымен жүргізіледі. Стратегиялық нысандар тізімі Үкіметтің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімімен бекітіледі. Бұл – маңызды активтердің бақылаусыз сатылуына жол бермеуге бағытталған қадам. ӘКК-лар өңірлік экономиканы дамытуға және инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысады.

Олардың қызметі ашықтық, әділ бәсекелестік және мемлекет пен бизнестің тең серіктестігі қағидаттарына негізделмек. Мемлекеттік мүлік туралы ақпараттың толық әрі нақты болуы үшін автоматтандырылған талдау жүйесі енгізіледі.

Сондай-ақ, мемлекеттік мүлік тізілімі қосымша мәліметтермен толықтырылады. Заң күшіне енген соң, жергілікті атқарушы органдар ӘКК активтеріне түгендеу жүргізіп, бейінді емес активтерден шығу және даму жоспарларын қайта қарау жұмыстарын атқаруға міндетті болады.

Жалпы алғанда, бұл өзгерістер мемлекеттік мүлікті тиімді әрі ашық басқаруға, стратегиялық нысандардың қауіпсіздігін күшейтуге және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың өңірлік экономиканы дамытудағы рөлін арттыруға бағытталған. Заң ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Бетті әзірлеген –
Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ**

#ҚАУІПСІЗДІК

Аулада қар мен мұзды кім тазалауға тиіс?

Қыс айларында көпқабатты үйлердің ауласында қар мен мұздың жиналуы – жиі кездесетін және қауіпті жағдай. Кіреберістегі көк мұз, шатырдағы қалың қар немесе төбедегі мұз сүңгілері тұрғындар үшін қауіп төндіруі мүмкін.

Көппәтерлі тұрғын үйдің ауласындағы және шатырындағы қар мен мұзды тазалау – үйді басқаратын ұйымның міндеті. Бұл Мүлік иелері бірлестігі (МИБ), Пәтер иелері кооперативі (ПИК) немесе басқарушы компания болуы мүмкін. Олар үйдің кіреберісі, ауласы және шатыр қауіпсіздігі үшін толық жауап береді. Ал жергілікті әкімдік тек қоғамдық орын-



дарға – жол, тротуар, саябақ, алаңдарға жауапты.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, үйді басқаратын ұйым ғимарат пен оған іргелес аумақтың санитарлық, техникалық және қауіпсіздік талаптарына толық жауапты.

Қысқы кезеңде тұрғын үйлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мына жұмыстарды жүргізу қажет:

- ауладағы қар мен мұзды уақтылы тазалау;
- шатырдағы қарды түсіру;
- кіреберіс үстіндегі мұз сүң-

гілерін алып тастау.

Бұл жұмыстар тек қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс. Мысалы, шатыр тазаланғанда қауіпті аумақ арнайы ескерту лентасымен қоршалып, тұрғындарға алдын ала хабарлануы қажет. Қар тазалау және мұздан қорғау жұмыстары тұрғындардың ортақ қаражаты есебінен төленеді. Яғни, ай сайынғы жарналар осы мақсатқа жұмсалады. Егер қаражат жеткіліксіз болса, мысалы, биіктіктегі жұмыстарға арнайы техника қажет болған жағдайда, тұрғындардың жиналысы өткізіліп, қосымша қаржы жинау мәселесі шешіледі. Бұл – қауіпсіздік пен үйлерді күтіп-ұстаудың маңызды бөлігі.

#ТАНЫМ

Наурызды қай елдер тойлайды?

✍ Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

Көктемнің лебі есіп, табиғат жаңара бастаған шақта түркі және шығыс халықтары ерекше мерекені қарсы алады. Ол – Наурыз. Бұл күн табиғаттың түлеп, тіршіліктің қайта жандануын білдіреді. Мыңдаған жылдар бойы тойланып келе жатқан Наурыз бүгінде көптеген елдердің ортақ мәдени мұрасына айналған. Сондықтан да бұл мейрам тек бір халыққа ғана емес, бірнеше мемлекет пен түрлі ұлтқа ортақ мереке ретінде кеңінен аталып өтеді.

Наурыз – жаңа жылдың басталуын білдіретін көне мейрам. Дәл осы күні күн мен түн теңеліп, табиғат жаңа тіршілікке қадам басады. Тарихшылардың айтуынша, бұл мерекенің тарихы бес мың жылдан асады. Наурыз туралы ең көне деректердің бірі зороастризм дінінің қасиетті кітабы – «Авестада» кездеседі. Кейін бұл мереке Парсы империясы дәуірінде кеңінен таралып, түркі және шығыс халықтарының дәстүріне еніп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Бүгінде Наурыз мерекесі Орта Азиядан бастап Таяу Шығысқа, Кавказдан Қытайға дейінгі кең аумақта тойланады. Бұл мейрамды Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Әзірбайжан, Иран және Ауғанстан секілді елдер ресми түрде атап өтеді. Сонымен қатар Түркияның кейбір өңірлерінде, Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында, Моңғолияда, Иракта және Үндістанда тұратын түркі халықтары мен мұсылман қауымдары да Наурызды мерекелейді. Әр елде бұл мейрам әртүрлі атаумен белгілі. Мәселен, кей жерде Наурыз, Навруз, Невруз немесе Новруз байрам деп аталады.

Әзірбайжан халқы үшін Наурыз – аса қадірлі мерекелердің бірі. Мереке алдында адамдар үйлерін тазалап, жаңа жылды таза көңілмен қарсы алуға дайындалады. Мереке күні арнайы «тонгал» деп аталатын от жағып, адамдар оның үстінен секіреді. Бұл дәстүр жамандық пен бәле-жаладан арылудың белгісі ретінде қабылданған. Дастарханға міндетті түрде бидайдан өсірілген жасыл өскін – «семени» қойылады. Ол өмірдің жаңаруын білдіреді. Сонымен қатар шекербура, пахлава секілді ұлттық тәттілер әзірленеді.

Қырғызстанда да Наурыз ерекше көңіл күймен қарсы алынады. Бұл күні халық бір-бірімен татуласып, өкпе-назды ұмытуға тырысады. Мерекелік дастарханның басты тағамы – бидайдан дайындалатын сүмөлөк. Ол молшылық пен берекенің символы саналады. Ме-

реке барысында ұлттық ойындар өткізіліп, ат жарыстары ұйымдастырылады, халықтық концерттер мен түрлі мәдени шаралар өтеді.

Өзбекстанда Наурыз мейрамы сән-салтанатымен ерекшеленеді. Халық арасында «жылды қалай қарсы алсаң, солай өтеді» деген сенім бар. Сондықтан бұл күні адамдар жақындарымен татуласып, бір-біріне сыйлық беріп, жақсылық жасауға тырысады. Мерекелік дастарханның басты тағамы – сумалық. Бұл тағам бидайдан дайындалып, ұзақ уақыт қайнатылады. Ол денсаулық пен молшылықтың белгісі ретінде қабылданған.

Тәжікстанда бұл мереке «Навруз» деп аталады. Бұл күні адамдар бір-біріне «Навруз муборак бод!» деп құттықтау айтып, жаңа жылдың басталуын тойлайды. Тәжіктердің дәстүрі бойынша дастарханда «с» әрпінен басталатын жеті түрлі тағам болуы тиіс. Олардың қатарында суманак, сабзи, сирке және сәмени секілді тағамдар бар. Сонымен қатар дастарханға айна, шам және боялған жұмыртқалар қойылады. Бұл заттар жаңа жылдың басталуын білдіретін символдар болып саналады.

Иран халқы Наурызды ең үлкен ұлттық мерекелердің бірі ретінде атап өтеді. Бұл елде мереке 13 күн бойы тойланады. Мерекелік дастархан «хафт-син» деп аталады. Ол «с» әрпінен басталатын жеті түрлі тағам мен заттан тұрады. Әрқайсысы өмірдің жаңаруын, берекені және денсаулықты білдіреді. Мерекенің соңғы күні «Сизда-бедар» дәстүрі өткізіліп, адамдар табиғатқа шығып, серуендейді.

Бүгінде Қазақстанда Наурыз мейрамы мемлекеттік деңгейде аталып өтеді. Соңғы жылдары елімізде бұл мерекені кеңінен насихаттау мақсатында 14–23 наурыз аралығы «Наурызнама» онкүндігі ретінде белгіленген. Бұл күндері еліміздің барлық өңірінде мәдени, қоғамдық және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып, ұлттық салт-дәстүрді жаңғыртуға ерекше көңіл бөлінеді.

Наурызнама онкүндігі 14 наурыз – Көрісу күні немесе Амал мерекесінен



басталады. Бұл – адамдардың бір-бірімен қауышып, амандасып, өткен өкпелеріншіті ұмытып, жаңа жылмен құттықтайтын ерекше күн. Халық арасында бұл күн «көрісу» деп аталып, үлкенге құрмет көрсету, ағайын-туыспен жүздесу дәстүрі сақталған.

Осы күннен бастап ел ішінде мерекелік көңіл күй орнап, түрлі шаралар өткізіле бастайды. Әр күн белгілі бір тақырыпқа арналып, қоғамдағы маңызды құндылықтарды насихаттауға бағытталады. Мәселен, қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып, мұқтаж жандарға көмек көрсетіледі. Сонымен қатар ұлттық киім күні, мәдениет пен дәстүрді дәріптейтін шаралар өткізіліп, халықтың тарихи мұрасына деген құрметі артады.

Наурызнама аясында еліміздің барлық өңірлерінде мәдени бағдарламалар, көрмелер мен концерттер өтеді. Ұлттық ойындар мен спорт түрлері де кеңінен насихатталады. Көкпар, қазақ күресі, асық ату, алтыбақан сияқты дәстүрлі ойындар ұйымдастырылып, халықтың қызығушылығын арттырады.

Бұл мерекелік кезеңде экологиялық шаралар да назардан тыс қалмайды. Ағаш отырғызу, қоршаған ортаны қорғау, тазалық акциялары өткізіліп, табиғатты аялау мәдениеті дәріптеледі.

Сонымен қатар ұлттық тағамдарды насихаттау да Наурызнаманың маңызды бөлігі. Бұл күндері халыққа арнайы дайындалған Наурыз көже таратылып, дәстүрлі тағамдардың мән-мағынасы

түсіндіріледі. Мұндай шаралар жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Наурыз мейрамының ең басты күндері – 21–22 наурыз. Бұл уақытта мереке ерекше сән-салтанатпен тойланады. Қалалар мен ауылдардың басты алаңдарында ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, халықтық серуендер ұйымдастырылады. Мерекелік концерттер, жәрмеңкелер, көрмелер мен мәдени бағдарламалар халыққа көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.

Ұлттық киім киген өнерпаздар ән айтып, би билеп, дәстүрлі өнерді дәріптейді. Құсбегілер мен қолөнер шеберлері де өз өнерін көрсетіп, қазақ мәдениетінің байлығын таныстырады.

Наурызнама онкүндігі – тек мерекелік шаралар ғана емес, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтатын маңызды кезең. Бұл күндері адамдар бір-біріне ізгі тілектер айтып, кешірім жасап, жақсылыққа ұмтылады.

Ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрлер жаңарып, кейінгі ұрпаққа насихатталады. Ұлттық мәдениетке деген құрмет артып, халықтың рухани байланысы нығая түседі.

Әлемнің әр елінде Наурыз түрлі дәстүрмен тойланғанымен, оның негізгі мәні бір. Бұл мереке – табиғаттың жаңаруының, татулық пен бірліктің белгісі. Сондықтан Наурыз адамдарды жақсылыққа, мейірімділікке, кешірім мен ынтымаққа шақыратын ерекше мейрам ретінде ғасырлар бойы тойланып келеді.

Наурыз көженің сыры мен мағынасы

Наурыз мейрамы – қазақ халқының ең көне әрі ең қастерлі мерекелерінің бірі. Бұл күні дастарқанға міндетті түрде қойылатын тағамның бірі – Наурыз көже. Халық арасында «Жыл басы қалай басталса, жыл бойы солай жалғасады» деген түсінік бар. Сондықтан Ұлыстың ұлы күнінде мол дастарқан жайылып, береке мен ырыс тілеген. Ал сол дастарқанның басты асы – жеті түрлі дәмнен дайындалатын Наурыз көже.

Қазақ халқы ежелден жеті санын киелі деп санаған. Халық ұғымында жеті ата, жеті қазына, жеті күн, жеті қабат көк, жеті қабат жер сияқты түсініктер кең тараған. Осы себепті Наурыз көжеге де жеті түрлі дәм қосылады. Бұл – жаңа жылда халықтың ырысы артып, дастарқаны мол, өмірі берекелі болсын деген ниетті білдіреді.

Наурыз көже – тек тағам емес, ол тоқшылықтың, бірліктің және жаңарудың белгісі. Бұрынғы заманда әр үй көжесін дайындап, көрші-қолаңды шақырып, келген адамды міндетті түрде көжеден дәм татқызған. «Жыл бойы тоқ болсын» деген ырыммен әр адам кем дегенде жеті

үйдің көжесінен дәм татқан. Сонымен қатар әр шаңырақта Наурыз көжені дайындаудың өз ерекшелігі болған. Әр әйел өз отбасына тән тәсілмен әзірлеп, дәмін келтіріп, көжеге ерекше реңк беруге тырысқан. Сол себепті бір ауылдың өзінде әр үйдің көжесінің дәмі әртүрлі болып, адамдар оны қызыға тататын болған.

НАУРЫЗ КӨЖЕНІҢ НЕГІЗГІ ЖЕТІ ДӘМІ

Су – тіршіліктің бастауы.

Су – өмірдің негізі. Қазақ түсінігінде су мол болса, өмір де берекелі болады. Сондықтан көжеге су қосу – ұрпақ-өріс көбейіп, тіршілік тасып тұрсын деген мағынаны білдіреді.

Тұз – татулықтың нышаны.

Тұз тағамның дәмін келтіретін қасиетті элемент. Қазақ «Тұз – астың дәмін келтіреді, мақал – сөздің мәнін келтіреді» дейді. Тұз қосу – адамдардың бірлігі мен татулығы берік болсын деген ниет.

Сүт немесе ақ – тазалық пен молшылықтың белгісі.

Сүт – қазақ мәдениетінде береке мен бақыттың нышаны. «Ағы бардың – бағы бар» деген сөз де осыдан шыққан. Ақ тағамдар әрқашан жақсылықтың белгісі саналған.

Құрт – қуат пен денсаулықтың көзі.

Құрт – дәруменге бай, ұзақ сақталатын тағам. Әсіресе қыс мезгілінде адамға күш-қуат беретін ас. Сондықтан көжеге құрт қосу – денсаулық пен әл-қуат тілеген ырым.

Ет – молшылықтың белгісі.

Қазақ халқы үшін ет – негізгі ас. Көшпелі өмір салтында мал шаруашылығы басты орын алғандықтан, ет әрдайым тоқшылықтың белгісі саналған. Наурыз көжеге көбіне сүр ет немесе қазы-қарта қосылады.

Арпа – шипалы дән.

Арпа – пайдалы әрі құнарлы дақыл. Халық арасында оны «құтты дән» деп атаған. Арпа қосу – тоқшылық пен берекенің белгісі.

Күріш – құнар мен ырыстың нышаны.

Күріш – пайдалы әрі жеңіл қорытылатын тағам. Қазақ халқы оны молшылықтың белгісі деп санап, көжеге міндетті түрде қосқан.

Дайындалу тәсілі

Алдымен қазанға су құйылып, ет пен қазы-қарта салынып қайнатылады. Қайнаған кезде сорпаның көбігі алынады. Ет жақсы піскенше шамамен 1,5–2 сағаттай қайнатылады. Кейін етті сүзіп алып, ұсақ-

тап турады. Одан кейін жуылған дәндер кезек-кезек салынады. Алдымен бидай, содан кейін басқа жармалар мен күріш қосылады. Соңында тары салынып, дәміне қарай тұз қосылады. Дәндер толық піскен соң көже оттан алынып, салқындалады. Соңында ет пен айран немесе қымыз қосылып араластырылады.

Ертеде ауыл ақсақалдары көже ішілер алдында бата берген. Бұл – жаңа жылда елге береке, халыққа бірлік тілейтін дәстүр. Сол баталардың бірі былай дейді:

*Қарық қып құтты Наурыз,
Қазанға толсын сары уыз.
Қайнасын Наурыzkөже де,
Толтырып ішкей кесеңе.
Ұлыстың ұлы күнінде,
Көппенен бірге күлімде.
Көбейсін жаңа достарың,
Молайсын елге қосқаның...*

Наурыз көже – жай ғана ас емес. Ол қазақ халқының дүниетанымын, салт-дәстүрін және бірлікке деген көзқарасын көрсетеді. Әрбір дәмнің өз символикасы бар: бірі – өмірді, бірі – татулықты, бірі – молшылықты білдіреді. Сондықтан Ұлыстың ұлы күнінде дайындалатын Наурыз көже – береке мен ынтымақтың, жаңару мен жақсылықтың жаршысы болып саналады.

#ШЫҒЫС ФЛОРАСЫ МЕН ФАУНАСЫ

Балалық шағымыздағы гүлдер мен жануарлар әлемі

✍ Тайыр САПАРҒАЛИЕВ, Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

Шығысқазақстандық ғалым, өлкетанушы Борис Щербаковтың «Травы памяти» («Естелік шөптері») атты кітабы Қазақстанның халық жазушысы, белгілі зоолог Максим Зверевке арналған. Бұл мақаланың авторы бала кезінен-ақ Зверевтің шығармаларымен сусындап өсті. Оның туындылары арқылы автор бала күнінен-ақ, еліміздің таңғажайып табиғатын танып, оны шексіз қызығушылықпен зерделеді. Сол кітаптар табиғат әлеміне жол көрсеткен әмбебап жолсілтер немесе компас іспетті еді.

Осындай мейірім мен танымға толы пайдалы кітаптардың көмегімен біз өсімдіктер мен жануарлар дүниесін жете танып-білдік. Олардың атаулары жадымызда ұзақ сақталып, кейін өмір жолында, кәсіби қызмет барысында да қайта-қайта еске түсіп отырды. Солардың қатарында Қызыл кітапқа енген де, кең таралған да өсімдіктер мен гүлдер бар: орман пионы, отгүл, алтыншөп (леонтица), алтын тамыр (родиола розовая). Ал жануарлар әлемінде бірден назар аудартатыны – марал.

Бұл өсімдіктер мен жануарлардың барлығы жерлес қаламгерлердің түрлі повестері мен әңгімелерінде жиі аталады. Олар әсіресе, осы жолдардың авторы балалық шағын өткізген Катонқарағай ауданының табиғатында өсіп-өнеді, тіршілік етеді.

Әрбір елдің немесе өңірдің өзіндік символына айналған өсімдіктері болады. Олар бір қарағанда-ақ танылатын, табиғаттың айрықша белгісі іспетті. Мәселен, Жапония үшін ол – сакура, Канада үшін – үйеңкі, Ресей үшін – қайың. Ал Қазақстанның оңтүстігі көктемде қызғалдақ пен көкнәрімен, атақты апорт алмасымен танымал. Ал Шығыс Қазақстан облысы үшін табиғаттың осындай символдары – отгүлдер мен пион гүлдері.

«ЕСТЕЛІК ШӨПТЕРІ»



«Естелік шөптері» кітабының авторы – біздің жерлесіміз, белгілі ғалым әрі жазушы Борис Щербаков екені ерекше назар аудартады. Ол үшін Максим Зверев тек әріптес қана емес, сонымен қатар рухани ұстаз да.

Әрбір қаламгердің кәсіби міндетінен бөлек, жанына жақын ерекше тақырыптары болады. Әдетте мұндай тақырыптар туған өлкенің табиғи болмысымен, оның байлығы мен мақтанышына айналған ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Шығыс Қазақстанда мұндай байлық – көз тартар табиғат. Ол тек жергілікті тұрғындардың ғана емес, өңірге келетін көпте-

ген туристердің да назарын аударып, туризмді дамытуға зор мүмкіндік береді.

Ғалымдар үшін Шығыс Қазақстан – зерттеуге толы үлкен алаң. Ал журналистер үшін әрбір құсты, аңды, балықты, ағаш пен гүлді, олардың халық арасындағы және ғылыми атауларын түгелдей танып-білу оңай міндет емес. Дегенмен адамның қалай есімсіз болмайтыны сияқты, табиғаттағы бірде-бір өсімдік пен жануар да атаусыз қалмауы тиіс.

Мұны бізге табиғат зерттеуші жазушылардың еңбектері мен олар туралы жазылған шығармалар айқын көрсетеді. Осындай кітаптарды оқығанда бұрын беймәлім, жұмбақ болып келген талай дүниенің сыры ашылады.

Мәселен, Борис Щербаковтың кітабында Алтайдың «отгүл» немесе «жарки» деп аталатын әсем гүлдері туралы қызықты деректер айтылады. Сөйтсек, бұл гүлдерді табиғатқа зиян келтірмей, орман ішіндегі жабайы өсетін орындарынан тамырын ұқыпты түрде алып келіп, қолдан өсіруге де болады екен.

Жергілікті тұрғындардың көбі мұндай мүмкіндікті бұрын ойлап та көрмеген. Оларға бұл тек табиғаттың ғана қолынан келетін іс сияқты көрінетін. Алайда ниет пен табандылық болса, тіпті мүмкін емес көрінген дүниенің өзін жүзеге асыруға болады. Әсіресе табиғатпен етене жақын, өсімдік өсіруге бейімі бар жандар үшін мұндай іс қолжетімді.

РУХАНИ ҰСТАЗ

– Мүмкіндігіңіз болса, тым болмаса, медуница мен отгүлдің тұқымын немесе өздерін ала келіңізші, – деп өтінеді Максим Зверев «Естелік шөптері» кітабында Борис Щербаковқа. – Сол үшін сізге шексіз ризашылығымды білдірер едім...

– Келесі жолы Алматыға келгенімде Алтайда ұйқышөп гүлдеп тұрған кез еді. Мен оның өтінішін орындадым, – деп әңгімесін жалғайды автор. – Тапсырыс берген гүлдерді топырағымен бірге ала келдім. Сонымен қатар екі кішкентай сібір шыршасын, ұйқышөптің, отгүлдің және сібір қандығының бірнеше түбін, көктемгі примула мен медуницаның бірнеше бұтасын, сондай-ақ алтын тамырды – родиола розоваяны да ала келдім. Максим Дмитриевич бір сәт те кідірместен, оларды веранданың табалдырығы маңына, бақтың ішіне бастайтын соқпақтың екі жағына отырғызды. Бәрі де алма бақтарының топырағына тамыр жайып, жақсы өсіп кетті. Бір қарағанда тосындау көрінетін көршілік: алма ағаштары мен отгүлдер, алмұрт пен ұй-



қышөп, ескі жаңғақ ағашы мен сібір шыршалары. Ал олардың жанында Тәжікстаннан әкелінген алып эремурус жасыл скипетрдей асқақтап тұр.

Жазушының айтуынша, сол кездегі Алматының топырағында тамыр жайған бұл өсімдіктер Максим Зверевке балалық шағын, туған өлкесінің табиғатын еске салып отырған көрінеді. Кейіпкердің өз сөзімен айтқанда, олардың барлығы – оның «естелік шөптері» еді.

– Сол кезде оның «естелік шөптері» деген сөзі жанымды ерекше толқытқан еді. Әр адамның жер бетінде өзіне ғана ыстық бір мекені болады – оны біз кіші Отан дейміз. Кейде сол туған жердің естелігі жүректі шымырлатып, қайта оралмас қымбат сәттерді еске түсіреді. Міне, осы медуница мен отгүл секілді өсімдіктер – балалық шақта тамыр жайған естеліктер тәрізді. Жер бізді қанша асырап, қанша әлдилесе де, адам жадында алғашқы туған жері – балалық шағы мәңгі сақталады, – деп жазады Борис Щербаков.

Осы тұста еріксіз сұрақ туады. ол Максим Зверевтің өтінішін орындауға кіріскенде бұл істің сәтті боларына өзі сенді ме екен? Жазушының айтуынша, бұған еш күмәні болмаған. Өйткені, ол өз саяжайында мұндай тәжірибелерді бұрыннан жасап, көптеген өсімдікті сәтті өсіріп жүрген.

– Менің саяжайымда бір кезде самырсын көшеттері тамаша бейімделіп өсті, ал отгүлдер әлі күнге дейін жыл сайын гүлдейді, – дейді ғалым. – Қаланың өзінде, үйімнің кіреберісінде оңтүстіктен әкелінген ерекше бір өсімдік өсіп тұр. Күз түскенде ол жасыл түсін ғажайып алуан түске өзгертеді. Оның сұлулығына қарап, ешкім бейжай өте алмайды – бәрі кезекке тұрып суретке түседі.

БЕЛОВОДЬЕ ЖҮРЕГІНДЕ

Әңгіме барысында Борис Щербаков екеуіміздің ортақ қызығушылықтарымыздың көп екені белгілі болды. Оның үстіне ол біздің туған ауылымызды да жақсы біледі екен. Студенттік жылдардағы досы, біраз уақыт Катонқарағай ауданы Ақсу ауылындағы орта мектептің директоры болып қызмет атқарған ұстаз Құрманбек Бельтяевке арнайы келіп тұрған. Сондай сапарлардың бірінде көршілес Чаловқа ауылындағы оның анасының үйінде де қонақ болыпты. Бүгінде бұл ауыл дербес елді мекен ретінде картадан жоғалып, тек Тал-

ды деп аталатын бір ғана көшесі мен бірнеше үйі ғана қалған.

Жас кезінде Борис Щербаков атпен Листвяга жотасы бағытына көтерілген екен. Арада көп жыл өткен соң ол туған өлкенің табиғаты мен бай өсімдік әлемі туралы естеліктерін бөлісіп, әсер алмасуды қызыға әңгімеледі.

Қызыл кітапқа енген өсімдіктердің бірі – алтын тамыр, ғылыми атауы родиола розовая. Бұл өсімдік Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі қорғауында және қасиеті жағынан әйгілі женьшеньмен теңестірілетін ұлттық байлық саналады.

Ғалымның айтуынша, Риддер қаласында табиғат пен климат жағынан Катонқарағайға ұқсас ортада өмір сүретін ерекше бір адам бар. Ол – қызыл кітапқа енген және сирек кездесетін өсімдіктерді зерттеумен айналысатын белгілі маман Юрий Котухов. Оның ғылыми жаңалықтары мен еңбектері халықаралық деңгейде мойындалған.

Жалпы, риддерлік ғалымдар өсімдіктерді жерсіндіру – интродукция бағытында көптеген табысты жобаларды жүзеге асырған. Бұл салада бағалы, соның ішінде дәрілік өсімдіктерді жылыжай жағдайында өсіру мүмкіндігі зерттеледі. Мұның бәрі ғылымға да, тәжірибеге де, халық шаруашылығына да зор пайда әкелетін маңызды бағыт. Әрине, бұл өз алдына бөлек үлкен мақаланың тақырыбы.

Ал экологиялық тәрбие, табиғатқа түсетін салмақты азайту туралы сөз болғанда, яғни сирек өсімдіктерді табиғаттан жұлып алмай, керісінше қолдан өсіріп, дәрілік шикізат қорын қалыптастыру мәселесі де туризмді дамыту мақсаттарымен ұштасып жатыр.

БАРЫС ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Жуырда біз бір кездері Алматы зообағында, оның негізін қалаушылардың бірі әрі сол жерде ұзақ жыл еңбек еткен Максим Зверев қызмет еткен тұста болған қызықты оқиға туралы жазған едік. Сол кезде жетім қалған қар барысының күшігін үй мысығы асырап, емізіп өсірген ерекше жағдай тіркелген.

Ал Борис Щербаковтың «Естелік шөптері» кітабында қар барысының үй жағдайында ұсталғаны туралы тағы бір қызықты оқиға баяндалады. Бұл жайында Максим Зверев өзінің өмірін-

дегі әдеттегі жағдайлардың бірі секілді жайбарақат әңгімелейді.

– Міне, көріп тұрсыз ба – барыс! Бір кезде менің үйімде тұрған, – дейді ол. Ескі суреттен жас барыс сабырлы да мейірімді көздерімен қарап тұрғандай әсер қалдырады. Ірі жыртқыш диван үстінде еркін жайғасып, үлкен дөңгелек табанын салбыратып жатқаны көрінеді. Ұзын жолақты құйрығы бір жағына қарай тасталған. Түрлі түсті те-



рісі жануардың бұлшық етті, иық сүйектері томпайған қуатты денесін еркін жамылғандай.

– Көріп тұрғаныңыздай, ол бізде кәдімгі үй мысығындай еркін жүрді. Өте жуас, ойнақы еді. Оның мінез-құлқы туралы жасаған бақылауларым кейін менің «Қар барысы» атты кітабыма енді, – деп әңгімесін жалғайды Максим Зверев. – Кітабымды әртүрлі елдерде қызығушылықпен қабылдады. Тіпті ойламаған едім, сол кезде жасаған бақылауларым бұл жануар туралы бірегей дерек болып шықты. Біздің әдебиетте ғана емес, шетелдік зоологтар да ол туралы дәл мұндай зерттеу жүргізбеген екен. 1984 жылы кітап тіпті АҚШ-та да жарық көрді.

Бүгінде қар барысы өз табиғи мекенінде, соның ішінде Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында жиі кездеседі. Әлеуметтік желілерде фототұзақтарға түскен сирек кадрлар мен бейнежазбалар да жиі жарияланып тұрады.

Ілбіс – бұл қасиетті өңірдің басты символдарының бірі. Ол қазақ Алтайына тән бірегей өсімдік – алтын тамырмен қатар аталатын табиғи брендке айналған. Ал «Естелік шөптері» – адам жанына туған жердің жылуын, балалық шақтың алыста қалған бақытты сәттерін қайта оралтқандай әсер қалдырады...

#ЗАҢ

Қызмет алушылардың құқықтары сенімді қорғалуда

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті азаматтардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруда.

2026 жылдың басынан бастап Департамент 22 көрсетілетін қызметті алушының бұзылған құқықтарын қалпына келтірді. Бұл тұрақты мониторингтің, өтініштерді талдаудың, сондай-ақ, мемлекеттік органдармен белсенді өзара іс-қимылдың нәтижесінде жүзеге асырылды. Нақты мысалдың бірі ретінде ағымдағы жылдың ақпан айында Маркакөл ауданындағы өтініштер туралы айтуға болады.



Департамент атына азаматтардан шағымдар келіп түсті. Оларға Маркакөл ауданының жер комиссиясының қорытындылары негізінде жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелерін беруден бас тартылған.

Алайда, тексеру барысында Департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметті беру рәсімінде елеулі бұзушылықтарды анықтады.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 72-бабына сәйкес әкімшілік орган, лауазымды тұлға әкімшілік істі дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін шаралар қабылдауға міндетті. Әкімшілік орган, лауазымды тұлға әкімшілік істің дәлелдеріне, нақты мән-жайларына байланысты болмайды және әкімшілік істі толық көлемде тексереді.

ҚР Жер Кодексінің 43-бабының 2-бөлігіне сәйкес, егер оған оның құрамының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, жер комиссиясының отырысы заңды болып саналады.

Алайда, кворумның жоқтығына қарамастан (бейнежазбаға сәйкес тек 3 мүше қатысқан) Маркакөл ауданының жер комиссиясы жер учаскелеріне құқық беру мүмкіндігінің жоқтығы туралы қорытынды шығарған.

Сонымен қатар, өтініштерді қарау барысында көрсетілетін қызметті беруші ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабын бұза отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту кезінде міндетті тыңдау рәсімін өткізбегені анықталды.

Департаменттің жедел араласуының нәтижесінде көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтары қалпына келтірілді, аудан әкімінің атына өтініштерді қайта қарау қажеттілігі туралы хат жолданды. Кінәлі лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылатын болады.

Мұндай мысалдар тиімді мемлекеттік бақылау бұзушылықтарды уақтылы жоюға, қайталанған жағдайлардың алдын алуға және ең бастысы азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Ержан Айқымбеков,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ШҚО бойынша департаментінің басшысы

#ҚАУІПСІЗДІК

Барынша абай болған жөн: Шығыста мұз жұқара бастады

✍ **Ержан ӘБІШ**

Көктем келісімен облысымыздағы өзен-көлдерде мұз жылдам еруде. Құтқарушылар тұрғындарды аса сақ болуға шақырып, жазатайым оқиғалардың алдын алуға күш салып жатыр. Сондай-ақ, мұз үстіндегі балық аулау және жүріп-тұру ережелері де жан-жақты түсіндірілуде.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өзен-көлдердегі қысқы қауіпсіздікке және Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күніне арналған брифинг өтті. Кездесуде өңір құтқарушылары көктемгі кезеңдегі мұздың қауіпі туралы баяндады. Төтенше жағдайлар департаменті мамандарының айтуынша, көктем – су айдындарындағы ең қауіпті кезеңдердің бірі. Күн жылыған сайын мұз тез өзгеріп, борпылдақ әрі кеуекті бола бастайды. Сырт көзге қалың әрі берік көрінгенмен, мұндай мұз адамның немесе техниканың салмағын көтермеуі мүмкін. Әсіресе өзендердің ағысты тұстары, көпірлердің маңы, гидротехникалық құрылыстар орналасқан аумақтар мен жерасты сулары шығатын орындар аса қауіпті. Құтқарушылардың айтуынша, дәл осындай жерлерде мұз алғашқы болып жұқарады.

Мамандар мұз үстінде қауіпсіз жүрудің басты шарты – оның қалыңдығын ескеру екенін атап өтті. Бір адам үшін мұздың қауіпсіз қалыңдығы кемі 10 сантиметр болуға тиіс. Ал жаппай спорттық немесе мерекелік іс-шаралар өткізу үшін, сондай-ақ автокөлік өткелдерін ұйымдастыру үшін мұз қалыңдығы кемінде 25 сантиметр болуы қажет.

Түнгі уақытта, көріну нашарлаған кезде, сондай-ақ мұз қату және мұз еру ке-



зеңдерінде мұз үстіне шығуға қатаң тыйым салынады. Егер мұздың қалыңдығы 25 сантиметрден аз болса, мұз астынан балық аулауға тек жеке құтқару құралдары болған жағдайда рұқсат етіледі. Олардың қатарында ысқырық, құтқару кеудешесі, ұзындығы кемінде 12 метр болатын арқан, ұзындығы екі метрден кем емес таяқ және су өткізбейтін қапқа салынған ұялы телефон болуға тиіс.

– Өңірдегі су айдындарында жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында тұрақты түрде профилактикалық жұмыстар жүргізіліп келеді. Биыл облыс аумағында 1882 рейд ұйымдастырылып, балық аулауға шыққан азаматтарға 212-ден астам түсіндіру жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар қауіпсіздік талаптарын сақтамағаны үшін 93 адам Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 412-ші бабы бойынша жауапкершілікке тартылды. Құқық бұзушылықтардың басым бөлігі Самар ауданында тіркелсе, қалғаны Ұлан, Күршім, Үлкен Нарын және Шемонаиха аудандарында анықталған, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Исхар Савазов.

Брифинг барысында құтқарушылар Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күнінің маңызына да тоқталды. Биыл бұл

күн «Тұрақты және орнықты болашақ үшін экологиялық тәуекелдерді басқару» тақырыбымен өтуде. Мамандардың айтуынша, қазіргі уақытта азаматтық қорғаныстың басты қағидаттары – алдын алу, үйрету және көмектесу.

Еліміздегі азаматтық қорғаныс жүйесі де біртіндеп өзгеріп келеді. Бұрынғыдай тек төтенше жағдай салдарын жоюға емес, алдымен қауіп-қатердің алдын алуға басымдық беріліп отыр.

Осыған байланысты Шығыс Қазақстанда Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күні аясында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылуда. Өрт сөндіру бөлімдері мен төтенше жағдайлар департаментінде экскурсиялар өткізіліп, оқу орындарында, кәсіпорындарда қауіпсіздік сабақтары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар әскери бөлімдер мен сауда-ойын-сауық орталықтарында жер сілкінісі, өрт және басқа да төтенше жағдайлар кезінде эвакуациялау алгоритмдері пысықталып, ашық есік күндері мен түрлі байқаулар өткізілуде.

Мамандардың айтуынша, мұндай шаралар тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін арттырып, төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастырады.

#СЕМИНАР

Кәсіптік білім берудегі жаңа технологиялар

✍ **Роксана ГЛЫБОВА, Айдос МЫРЗАХМЕТОВ**

Облыс орталығында «Бәсекеге қабілетті кадрларды кәсіби даярлаудағы цифрлық білім беру ресурстары» атты өңіраралық семинар-практикум басталды. Шараға педагогтер, сарапшылар мен кәсіпорын өкілдері қатысуда.

Облыстық білім басқармасы ұйымдастырған семинарға Цифрландыру және архивтер басқармасының өкілдері, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, Педагогикалық шеберлік орталығы, өңір кәсіпорындары, сондай-ақ Павлодар, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің педагогтері қатысты.

– Биыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды. Бұл қадам білім беру үдерісіне заманауи цифрлық технологияларды енгізудің өзектілігін ерекше айқындайды. Цифрлық ресурстар студенттерді даярлау сапасын арттырып, олардың дербестігін, сыни ойлау қабілетін және кәсіби қызметке дайындығын дамытуға ықпал етеді, – деді ШҚО білім басқармасы басшысының орынбасары Алима Ақылбек.

Семинар жұмысы екі блок бойынша ұйымдастырылған. Бірінші бөлім – пленарлық отырыста елдегі жасанды интеллектің даму нәтижелері мен оны қолдану мүмкіндіктері, әсіресе, техникалық және кәсіптік білім беру

саласында пайдалану жолдары қарастырылады. Екінші бөлім практикалық сипатқа ие.

– Семинар аясында төрт секция жұмыс істейді. Онда колледж өкілдері оқу процесінде және өндірістік тәжірибеде қолданылып жүрген өз жобалары мен жаңа әзірлемелерін таныстырады. Ал оқу ісі жөніндегі орынбасарлар оқу орындарын цифрландыру және автоматтандыру жұмыстарын қалай тиімді ұйымдастыруға болатыны жөнінде тәжірибе алмасады. Іс-шараға барлығы шамамен 150 адам қатысуға тіркелген, – деді ШҚО Кәсіптік білім беру орталығының директоры Гүлжан Елемесова.

Қатысушылар тіркелу кезеңінің өзінде цифрлық шешімдермен танысты. Оларды тиісті секциялар бойынша автоматты түрде бөліп отыратын арнайы жүйе енгізілді. Бұл жүйені Өскемен жоғары политехникалық колледжінің IT-орталығының мамандары әзірлеген.

Колледж директорының ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Юлия Новак мұндай әзірлемелер-

дің оқуда кең қолданылып жатқанын атап өтті.

– Колледжіміздің базасында IT-орталық ашылып, оқу орнының қызметінде қолданылып жатқан бірнеше цифрлық жоба әзірледік. Атап айтқанда, былтыр қазан айында «Политех-навигатор» жобасы енгізілді. Бұл бірнеше бөлімнен тұратын жүйе. Бірінші бөлім тәртіп бұзушылықты тіркеуді автоматтандырады. Ереже бұзған студент QR-кодты сканерлейді, содан кейін бұл ақпарат оның жеке кабинетінде бірден белгіленеді. Екінші бөлім кітапхана жұмысын жеңілдетеді – студент қайтаруы тиіс кітаптар жеке кабинетінде көрсетіліп тұрады, ал кітапханашы да осы мәліметтерді көре алады. Үшінші бөлім студенттерге әкімшілік қызметтерді онлайн алуға мүмкіндік береді. Мысалы, түрлі анықтамаларға қашықтан тапсырыс беріп, құжат дайын болғаны туралы хабарлама алады. Ал төртінші модуль басқару мен талдауға арналған. Жасанды интеллектің көмегімен жүйе үлгерім ведомостарын автоматты түрде өңдеп, қорытынды есептерді өзі қалыптастырады, – деді ол.

Қатысушылардың айтуынша, мұндай кездесулер тәжірибе алмасуға жол ашып, кәсіптік білім беру жүйесіне цифрлық шешімдерді тиімді енгізуге жаңа мүмкіндіктер береді.

#ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА

Жастардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталады

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Шығыс Қазақстан облыстық филиалына аталған тақырыпқа қатысты сауалдар легі жиі түсуде. Сауалдардың дені бала он сегіз жасқа толған соң, ары қарай жинақты қалай пайдалануға болатындығына бағытталады. Сондықтан өңір тұрғындарынан келіп түскен сауалдардың бір парасына облыстық филиалдың директоры Марат Сейтқалиев толыққанды жауап берді.

– Баламның «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына қатысушы екенін қалай тексеруге болады?

– БЖЗҚ-ның kids.enpf.kz сайтындағы «Қатысушыны іздеу» бөлімінде баланың дербес ЖСН-ін енгізіп, «Тексеру» батырмасын басыңыз. Нәтижесінде, баланың қай есепті жылдан бастап бағдарламаға қатысушы екені және жинақталған мақсатты талаптардың жалпы сомасы көрсетіледі.

– Нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтардың айырмашылығы неде?

– Нысаналы талаптар – Үкіметтің Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтары алдындағы міндеттемелері. Олар Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50%-ы есебінен жыл сайын қалыптастырылады. Нысаналы талаптардың есебі БЖЗҚ-да жүргізіледі, бірақ активтер Ұлттық қор активтерінің құрамында қалып, инвестициялануын одан әрі жалғастырады және оларға жыл сайын қосымша инвестициялық кіріс есептеледі.

Ал нысаналы жинақтар – Қазақстан Республикасының нысаналы жинақ алуға құқығы бар, 18 жасқа толған алушы – азаматының нысаналы жинақтау шотында жинақталған нақты ақша.

Бала 18 жасқа толғанда оның нысаналы талаптары нысаналы жинаққа айналады. Олар бағдарламаның әрбір қатысушысының БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шотында АҚШ долларымен есептеледі және сақталады.

– Нысаналы жинақтар Ұлттық қордан БЖЗҚ-ға түскеннен кейін инвестициялана ма?

– БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шоттарына есептелген нысаналы жинақтар қаржы құралдарына инвестицияланбайды. Олар АҚШ долларында сақталады және оны нысаналы жинақ алушылар немесе олардың мұрагерлері пайдалана алады.

– Бір отбасының балалары нысаналы жинақтарын тұрғын үйге және емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдері сияқты бір-біріне бере ала ма?

– Қолданыстағы заңнамада тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе білім алуға ақы төлеу мақсатындағы нысаналы жинақ төлемдерін жақын туыстарының пайдасына беру көзделмеген.

– Менің балама БЖЗҚ-да шот ашылды және оның нысаналы жинақтары да аударылды. Бұл қаражатты кімдер пайдалана алады?

– Сіздің балаңыз 18 жасқа толғаннан кейін нысаналы жинақтарын екі мақсатқа – тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және (немесе) білім беру ақысын төлеуге өз бетінше пайдалану құқығына ие болады. Ол үшін балаңызға Уәкілетті операторларға өтініш беру қажет.

Бүгінгі күнде уәкілетті оператор-банк ретінде – «Отбасы банк» АҚ (тұрғын үй және білім алу), «Халық банкі» АҚ (білім алу), «Банк ЦентрКредит» АҚ (білім алу) тіркелген.

– Ата-аналар жинақтарды тексере ала ма?

– Кәмелетке толмаған баланың ата-аналары немесе заңды өкілдері өз баласына Бағдарлама аясында жасалған есептеулерді kids.enpf.kz сайтында, EGOV mobile мобильді қосымшасында,

сондай-ақ кейбір банктердің қосымшаларында көре алады.

Бала он сегіз жасқа толғанда «БЖЗҚ» АҚ-да оған нысаналы жинақтау шоты ашылады, оған тек нысаналы жинақтарды алушының (кәмелетке толған баланың) өзі ғана қол жеткізе алады.

– Балаға БЖЗҚ-да шот ашылып, оның нысаналы жинақтары есептеліп қойды. Алайда, 18 жасқа толғанға дейін бір ай бұрын бала азаматтығын өзгертті. Оның нысаналы жинақтарының жағдайы не болады?

– Қазақстан Республикасының азаматтығы он сегіз жасқа толғанға дейін



– Егер бала Қазақстан Республикасының азаматы емес деген ақпарат шықса, не істеу керек?

– Егер ЖСН-ы көрсетілген бала «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан (ЖТМДҚ) алынған мәліметтерге сәйкес ҚР азаматы болмаса, сәйкесінше, ол «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына қатыса алмайды және нысаналы талаптары да болмайды.

ЖТМДҚ-дағы мәліметтерді өзектендіру қажет болған жағдайда, тұрғылықты жері бойынша көші-қон қызметіне жүгінуге кеңес береміз.

ЖТМДҚ-ға тиісті түзетулер енгізілгеннен кейін, БЖЗҚ осы жеке тұлғаны өткізіп алған кезеңді ескере отырып, нысаналы талаптарға қатысушы балалардың немесе нысаналы жинақтарды алушылардың тізіміне енгізеді.

– Жинақтау қандай валютада жүргізіледі және кейіннен нысаналы жинақтарды алушыға аудару қай валютада жүзеге асырылады?

– ҚР заңнамасына сәйкес нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу БЖЗҚ-да АҚШ долларымен жүргізіледі. Төлеген кезде нысаналы жинақтар алушылардың уәкілетті оператор-банктерде АҚШ долларымен ашатын банктік шоттарына есептеледі, аударылады.

– Ұлттық қордан төлемдер алу үшін қандай банктерде банктік шот ашуға болады? «Ұлттық қор – балаларға» жобасына қатысатын банктерге қойылатын қандай да бір алғышарттар, талаптар бар ма?

– Заңнамада екінші деңгейдегі банктер бойынша ешқандай шектеулер белгіленбеген, яғни БЖЗҚ-мен тиісті келісім жасасқан Қазақстанның екінші деңгейдегі кез келген банкі бағдарламаға қатыса алады.

Бүгінгі күні уәкілетті оператор-банк ретінде «Отбасы банк» АҚ (тұрғын үй және білім алу), «Халық банкі» АҚ (білім алу), «Банк ЦентрКредит» АҚ (білім алу) тіркелген.

– Тарихи отаны Қазақстанға көшіп келіп, «қандас» мәртебесіне ие болған азаматтардың балалары «Ұлттық қор – балаларға» жобасына қатыса ала ма?

– Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толмаған барлық азаматы жобаға қатысады. Яғни, Қазақстан Республикасының азаматтығын алған сәттен бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының қатысушысына айналады.

– Әңгімеңізге рахмет!

БЖЗҚ - "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтау шоттарының операторы



25
ЖЫЛ
АЕТ
YEARS

– Нысаналы жинақтар – Қазақстан Республикасының нысаналы жинақ алуға құқығы бар, 18 жасқа толған алушы – азаматының нысаналы жинақтау шотында жинақталған нақты ақша.

Бала 18 жасқа толғанда оның нысаналы талаптары нысаналы жинаққа айналады. Олар бағдарламаның әрбір қатысушысының БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шотында АҚШ долларымен есептеледі және сақталады, – деді «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ ШҚО филиалының директоры Марат Сейтқалиев.

немесе одан кейін тоқтатылған кезде нысаналы талаптарға қатысушы немесе нысаналы жинақтарды алушы нысаналы жинақтар төлемін алу құқығынан айырылады. Бұл ретте оның нысаналы талаптары мен нысаналы жинақтары белгіленген тәртіп бойынша басқа қатысушылар арасында бөлінетін болады. Ал оның нысаналы жинақтау шоты жабылады.

– Нысаналы талаптарға қатысушы-нысаналы жинақтарды алушы қайтыс болған жағдайда, мұраға қалған нысаналы жинақтарды алу үшін мұрагерден қандай құжаттар талап етіледі және оларды қайда ұсыну қажет?

– «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына қатысушы қайтыс болған жағдайда оның нысаналы талаптары немесе нысаналы жинақтары азаматтық заңнамаға сәйкес мұраға беріледі. Оларды алу үшін мұрагерлер БЖЗҚ-ға

жүгінуге қажет. Қаражат қайтыс болған адамдардың нысаналы жинақтарын шотына есептегеннен кейін ғана қолжетімді болады. Төлемдерді алу үшін мұрагерлер уәкілетті оператор-банкте АҚШ долларымен банктік шот ашады.

Мұрагерлер қаражатты кез-келген мақсатта пайдалана алады, яғни оларды мақсатты пайдалану туралы міндетті талап жойылады.

Нысаналы жинақтары бар адамның қайтыс болуына байланысты төлемдерді ресімдеуге қажетті құжаттардың өзекті тізбесі БЖЗҚ сайтында орналас-тырылған.

– Нысаналы жинақтарды бөліп-бөліп пайдалануға бола ма?

– Нысаналы жинақтарды алушы он сегіз жасқа толған және Қазақстан Республикасының азаматтығы болған жағдайда, шотындағы жинақты қолда бар нысаналы жинақтар шегінде шектеусіз пайдалануға болады.

Сұхбаттасқан –
Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

#БРИФИНГ

Қару иелеріне арналған жаңа ережелер



Серік ҚҰСАНБАЕВ

Шығыс Қазақстан облысы Полиция департаменті өкілдері азаматтық және қызметтік қарудың айналымына қатысты заңнамадағы өзгерістерді түсіндірді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ПД Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы, полиция полковнигі Орал Рыспаев мәлімдеді.

Оның айтуынша, «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау туралы» заңына енгізілген түзетулер қару айналымын бақылауды күшейтуге бағытталған. Енді азаматтық және қызметтік ойық ұңғылы атыс қаруының иелері қаруды белгіленген тәртіппен міндетті түрде бақылау атысына ұсынуы тиіс. Бұл шара қаруды сәйкестендіруді қамтамасыз ету және оның қолданылуын бақылауды күшейту мақсатында енгізіліп отыр.

– Егер қару иесі белгіленген мерзімде қаруды бақылау атысына ұсынбаса, қару-

ды иеленуге берілген рұқсаттың әрекеті тоқтатылуы мүмкін, – деді Орал Рыспаев.

Жаңа өзгерістер аясында елімізде Мемлекеттік оқ-гильза деректер базасы қалыптастырылады. Бұл жүйе атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстарды ашудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайда, оның иелігіндегі қару мен оқ-дәрілер 10 жұмыс күні ішінде ішкі істер органдарына сақтауға тапсырылуы тиіс.

Брифинг барысында қару айналымына қатысты мемлекеттік қызметтерді алу тәртібіндегі жаңашылдықтар да айтылды. Енді азаматтар лицензиялар мен рұқсаттарды eGov порталы арқылы онлайн рәсімдей алады. Өтініштер электронды түрде қабылданып, қажетті мәліметтердің бір бөлігі мемлекеттік дерекқорлардан автоматты түрде алынады.

Мамандардың айтуынша, қызметтердің цифрландырылуы құжаттарды рәсімдеу процесін жеңілдетіп, ашықтықты арттырады және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

#ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП

Заңсыз еңбек етіп жүрген 18 шетелдік азамат анықталды

Ержан КЕҢЕСҰЛЫ

«Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында көші-қон қызметінің мамандары уақытша және тұрақты тұратын шетелдік азаматтардың тіркелген мекенжайларын, сондай-ақ қабылдаушы тараптың олардың келуі туралы хабарламаларының болуын тексеруде.

Өскемен қаласында жүргізілген рейдтік іс-шара барысында бір күннің өзінде Қазақстан аумағында заңсыз еңбек қызметін жүзеге асырған 18 шетелдік азамат анықталды.

Мекенжайлардың бірін тексеру кезінде полиция қызметкерлері уәкілетті органның рұқсатынсыз жұмыс істеген әрі уақытша тұруға рұқсаты жоқ көрші-

лес мемлекеттің азаматтарын анықтады. Белгілі болғандай, олардың кейбірі бұған дейін де осындай құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тартылған.

– Көші-қон заңнамасын қайталап бұзғаны үшін 7 шетелдік азамат Қазақстан аумағынан шығарылды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес оларға ел аумағына бес жыл мерзімге кіруге тыйым салынды. Сонымен қатар жұмыс беруші де жауапкершілікке тартылып, мемлекет пайдасына 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлеуге міндеттеледі, – деді ШҚО ПД көші-қон қызметі басқармасының бастығы Ринат Шкибаев.

ШҚО полиция департаментінің көші-қон қызметі Қазақстан аумағында уақытша болатын шетелдік азаматтарға уәкілетті органның рұқсатынсыз еңбек қызметін жүзеге асыруға тыйым салынатынын ескертеді.



#ФОРУМ

Балалар қауіпсіздігіне қатысты мәселелер талқыланды

Ержан ӘБІШ

ШҚО-ның Шемонаиха ауданында кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға арналған «Заң және Тәртіп – қауіпсіз балалық шақтың кепілі» атты форум өтті. Маңызды жиынға жергілікті атқарушы органдардың, құқық қорғау органдарының, білім беру ұйымдарының, әлеуметтік қызметтердің өкілдері қатысып, балалардың қауіпсіздігі төңірегіндегі өзекті мәселелерді талқылады.



Форум барысында полиция бөлімінің бастығы Әсет Шахантаев кәмелетке толмағандар арасында жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстар туралы баяндады. Оның айтуынша, полиция қызметкерлері ұстаздармен және ата-аналармен бірлесіп мектептерде тұрақты кездесулер өткізіп, жасөспірімдерге құқықтық жауапкершіліктің мәнін түсіндіруде. Әсіресе, мектеп ортасындағы буллингтің алдын алу, заңға қайшы әрекеттерге жол бермеу және оқушылардың құқықтық сауатын арттыру бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударылып отыр.

Форумда балалардың цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігі де кеңінен сөз болды. Ювеналды полиция қызметкерлері мектеп психологтарымен бірге оқушыларға интернетті қауіпсіз пайдалану, киберқауіптерден сақтану жолдары жөнінде арнайы сабақтар өткізіп келеді. Сонымен қатар барлық білім беру

ұйымдарында оқушылардың анонимді түрде өтініш қалдыруына арналған арнайы жәшіктер орнатылып, көмек сұрауға мүмкіндік беретін сенім телефондары мен «жедел желі» нөмірлері орнатылған.

Жиын барысында қатысушылар жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруда отбасы, мектеп және мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылдың маңызын ерекше атап өтті. Себебі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек бір мекеменің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Форум өскелең ұрпақпен жұмыс істейтін мамандар үшін ашық диалог пен тәжірибе алмасу алаңына айналды. Мұндай кездесулер алдын алу шараларын жетілдіруге, балалар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға жол ашады. Өйткені әрбір баланың бақытты әрі қауіпсіз балалық шағы – елдің ертеңі мен қоғамның болашағы.

#САЙЫС

Әйел-полицейлер арасындағы үздік мергендер

Арман САПАРҒАЛИЕВ

ШҚО Полиция департаментінде әйел қызметкерлер арасында жауынгерлік қарудан оқ ату жарысы өтті. Атыс шебіне түрлі бөлімшелердің өкілдері – анықтаушылар, криминалистер, айдауыл қызметінің мамандары және басқа да қызметкерлер шықты. Бұл сайыс олардың кәсіби дайындығын, төзімділігін және табельдік қаруды шебер меңгергендігін көрсетуге арналған мүмкіндік болды.

Ату алаңында барынша зейін қоюды талап ететін атмосфера орнады: бірнеше секундтық үнсіздік, нысанаға дәл тиген оқ дауысы. Қатысушылар жоғары ату шеберлігін, ұстамдылық пен өзіне деген сенімділікті паш етті.

Ату жарысының қорытындысы бойынша 1-орынды Анықтау басқармасының аға анықтаушысы, полиция подполковнигі Салтанат Ернарарова, 2-орынды Анықтау басқармасының ерекше маңызды істер жөніндегі аға анықтаушысы, полиция подполковнигі Татьяна Титаренко, 3-орынды Өскемен қалалық Полиция басқармасының полицей-айдауыл қызметкері, полиция аға сержанты Самира Солтанғазина иеленді.



Оқ атудан бөлек, қатысушылар тапаншаны жылдам шашып-жинаудан да бақ сынасты. Жарыс соңында жеңімпаздар медальдармен, грамоталармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Сайыс жылы әрі достық жағдайда өтіп, әріптестер қатысушыларға қошмет көрсетіп, қолдау білдірді.

Бұл шара полицияда қайратты, өзіне сенімді және мамандығына адал әйелдер қызмет етіп жүргенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

#ҚАУІПСІЗДІК

Сәуірден бері 1215 мопед есепке алынды

✍ Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

2025 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстанда мопедтерді міндетті тіркеу тәртібі енгізілген болатын. Содан бері облыста қанша мопед есепке қойылды?

2025 жылдың 5 сәуірінен бастап мопедтер Қазақстанда механикалық көлік құралдарына теңестірілді. Осыған байланысты ел заңнамасына тиісті өзгерістер енгізіліп, мопед жүргізу талаптары күшейтілген болатын.

Енді мопедті жолда пайдалану үшін оны міндетті түрде полицияда тіркеу, техникалық байқаудан өткізу, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру полисін (АҚЖ) рәсімдеу және А1 санатындағы жүргізуші куәлігіне ие болу қажет.

Шығыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің мәліметінше, жаңа талаптар күшіне енгеннен кейін тұрғындарға түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізілген. Атап айтқанда, 2025 жылдың сәуір айынан бастап полиция қызметкерлері бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен бірге мопедтерді тіркеу тәртібі мен оларды қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша бірқатар брифингтер өткізді.

Сонымен қатар, тұрғындарға ақпарат жеткізу мақсатында интернет-ресурстар, ақпараттық экрандар және арнайы ақпараттық парақшалар арқылы



түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Бұл шаралар азаматтарға мопедтерді міндетті түрде тіркеу және А1 санатындағы жүргізуші куәлігін алу қажеттігін түсіндіруге бағытталған.

Полиция департаментінің дерегіне сүйенсек, 2025 жылдың 5 сәуірінен бері облыста 1215 мопед тіркелген. Ал осы уақыт ішінде А1 санаты бойынша 121 жүргізуші куәлігі берілген.

Мамандардың айтуынша, бұл талаптар жол қозғалысы қауіпсіздігін арттырып, мопед жүргізушілерінің жауапкершілігін күшейтуге бағытталған.

#ЗАҢ

«Жауапкершілік ересектермен бірдей»

✍ Ержан ӘБІШ

Соңғы уақытта кәмелетке толмағандарды есірткі айналымына тарту фактілері көбейіп отыр. Көп жағдайда жасөспірімдерге әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы «жеңіл табыс» табу ұсынылады. Олар жасырын орындарға есірткі қалдырып кететін курьер ретінде жұмыс істеуге шақырылады.

Мұндай ұсыныстарды интернеттегі есірткі-дүкендерінің ұйымдастырушылары таратады. Олар жастардың тез ақша табуға деген қызығушылығы мен сенгіштігін пайдаланып, кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тартады. Көп жағдайда жасөспірімдер құқықтық салдарының ауырлығын толық түсінбей, осындай «жұмысқа» келісіп, есірткінің заңсыз айналымының қатысушыларына айналады. Ал мұндай қылмыстар үшін заңнамада ересектермен бірдей қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Сонымен қатар заңсыз әрекетке тартылған кәмелетке толмағандар көбіне қылмыстық схемадан шыға алмай қалады. Есірткі-дүкендерінің әкімшілері бопсалау мен қорқыту арқылы психологиялық қысым жасап, олардың бұл әрекеттен бас тартуына мүмкіндік бермейді.

Жыл басынан бері есірткінің заңсыз айналымына қатысы бар 23 кәмелетке толмаған ұсталды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп. Қылмыстық заңнамаға сәйкес есірткінің заңсыз сақтағаны үшін – 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру, дайындау, тасымалдау және өткізу үшін – 7 жыл-

дан 12 жылға дейін, есірткіні насихаттау және жарнамалау үшін – 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

Есірткіге байланысты қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жас-тан бастап, ал кейбір жағдайларда 14 жас-тан бастап туындайды.



– Құрметті ата-аналар! Балаларыңызға мұқият болыңыздар: олардың араласатын ортасына, интернеттегі белсенділігіне және табыс көздеріне назар аударыңыздар. Жастарға айтарым, 23 жасөспірім қазірдің өзінде қателік жіберді. Олардың жолын қайталамаңыздар. Денсаулықты, білімді, спортты және заңды табысты таңдаңыздар, – деді ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті басқармасының бастығы Бақытжан Әмірханов.

Ішкі істер министрлігі азаматтарды қырағылық танытуға және есірткінің таралу фактілері туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға шақырады. Кез келген ақпарат міндетті түрде қаралады.

#ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Ауладағы автотұрақты қоршау заңды ма?

✍ Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

Көпқабатты тұрғын үйлердің ауласында автотұрақ орындарын металл шынжырмен, бағаналармен немесе түрлі қоршаулармен бекітіп қою мәселесі тұрғындар арасында жиі талқыланады. Кейбір тұрғындар көлік қоятын орнын «жеке меншік» ретінде белгілеп алуға тырысады.



Шығыс Қазақстан облысының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының мәліметінше, Қазақстандағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес, белгілі бір жағдайларда шағын сәулеттік нысандарды орнатуға немесе аумақты қоршауға мүмкіндік бар. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңның 60-бабының 2-тармағына сәйкес, шағын сәулеттік нысандарды салу, аумақты қоршау, ғимарат маңын абаттандыру немесе 50 көлікке дейінгі ашық автотұрақ салу жобалық құжаттамасыз, тек меншік иесінің эскизі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Алайда мұндай жұмыстар міндетті түрде жергілікті атқарушы органдармен келісілген жағдайда ғана жүргізіледі.

Сонымен қатар, мамандар көпқабатты тұрғын үйдің ауласы мен ондағы инфрақұрылымның құқықтық мәртебесін де түсіндірді. «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға сәйкес, кондоминиум нысанының ортақ мүлкіне үйдің кіреберістері, дәліздері, баспалдақтары, лифтілері, шатырлары, жертелелері, инженерлік жүйелері, сондай-ақ үйдің астындағы жер телімі мен аула аумағы жатады. Яғни, бұл аумақ тұрғындардың ортақ пайдалануындағы мүлік болып саналады.

Осыған байланысты кондоминиумға тиесілі жер телімін үшінші тұлғалар-

ға беруге немесе жеке иелікке өткізуге болмайды. Демек, аулада автотұрақ орнын өз бетінше шынжырмен, бағаналармен немесе басқа да қоршаумен бекітіп қоюға рұқсат етілмейді.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының мәліметінше, мұндай жағдайда әкімшілік жауапкершілік тікелей қарастырылмағанымен, бақылаушы орган заңсыз қоршау анықталған жағдайда оны алып тастау туралы нұсқама береді.

Егер тұрғындар аулада автотұрақ орындарына заңсыз шектеу қойылғанын байқаса, тиісті мекемелерге шағымдана алады. Атап айтқанда:

- Шығыс Қазақстан облысының Жер ресурстарын басқару департаментіне;
- Өскемен қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөліміне;
- Шығыс Қазақстан облысының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына.

Мамандардың айтуынша, аула аумағындағы автотұрақтар қаланың бекітілген бас жоспарына және сәулет-қала құрылысы талаптарына сәйкес орналастырылады. Сондықтан автотұрақтарға қатысты нақты ақпарат алу үшін тұрғындарға Өскемен қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөліміне жүгіну ұсынылады.

#ЕРЕЖЕ

Жабық жолға шыққандарға айыппұл салынады

✍ Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

Наурыз айының басында еліміздің бірқатар өңірінде ауа райы күрт нашарлады. Қалың қар, боран, көктайғақ және көріну деңгейінің төмендеуі салдарынан кейбір республикалық және облыстық маңызы бар жолдар уақытша жабылып, қозғалысқа шектеу қойылғаны белгілі.

Мамандардың айтуынша, мұндай жағдайда жолға шығу қауіпті. Соған қарамастан ресми түрде жабылған трассаларға шыққан жүргізушілерге әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Ережеге сәйкес, жабық жолға шыққан азаматтарға 30 айлық есептік көрсеткіш (129 750 теңге) көлемінде айыппұл салынуы немесе 15 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу жазасы қолданылуы мүмкін.

Ал егер дәл осындай құқықбұзушы-

лық бір жыл ішінде қайта жасалса, жүргізуші 15-тен 20 тәулікке дейін қамауға алынуы ықтимал.

Кейбір санаттағы азаматтарға әкімшілік қамау қолданылмайды. Олар:

- жүкті әйелдер;
- 14 жасқа дейінгі баласы бар ата-аналар;
- кәмелетке толмағандар;
- I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 58 жас-тан асқан әйелдер және 63 жас-тан асқан ер адамдар.

Бұл жағдайда қайталанған құқықбұзушылық үшін 50 АЕК (216 250 теңге) көлемінде айыппұл қарастырылған.

Мамандар жолға шығар алдында ауа райы жағдайын және трассалардағы шектеулер туралы ақпаратты алдын ала тексеруге кеңес береді. Бұл тек айыппұлдан сақтап қана қоймай, жүргізушілер мен жолаушылардың өміріне төнетін қауіптің алдын алуға көмектеседі.

#ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Ақылды кітапхана:
технология мен
білім тоғысы

2026 жылды ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялап, экономика мен қоғам дамуындағы негізгі факторды айқындады. Әртүрлі ұлттық бастамалар аясында А.С.Пушкин атындағы облыстық кітапхана да белсенділік танытуда.

Бұл жолы кітапхана «ЖИ-комплектатор» жобасын іске қосты. Бұл – кәсіби кітапхана саласында жасанды интеллектті қолдана отырып күнделікті қайталанатын процестерді автоматтандырудағы инновациялық шешім.

Кітапхана директоры Назым Тілеубекованың айтуынша, жасанды интеллект негізіндегі «ЖИ-комплектатор» интеллектуалды қосымшасы кітапханаға келіп түскен жаңа кітаптарды өңдеу бойынша жұмыстың тиімділігін ондаған есе арттыруға мүмкіндік берді.

– «ЖИ-комплектатор» қолданыстағы ИРБИС кітапханалық-ақпараттық жүйесіне кіріктірілген. Соның арқасында жаңа түсімдер электрондық каталогта жедел көрініс тауып, оқырманға бұрынғыға қарағанда бірнеше есе жылдам қолжетімді болады. Кітапхананың технологиялық инновациясының тағы бір құндылығы – бұл кәсіби саладағы мамандандырылған кәсіби кадрлардың тапшылығы мәселелерін қалай шешуге болатындығын көрсетеді, – деді ол.



А.С.Пушкин атындағы облыстық кітапхана

Осылайша, облыстық кітапхана – еліміздегі кәсіби салада жасанды интеллект базасында сапалы жаңа технологиялық инновацияларды ұсынатын әзірше жалғыз көпшілік кітапхана болып отыр. Өткен жылы кітапхана «DosAI» нейро-ассистентін қолданысқа енгізсе, биылғы жылдың басында «ЖИ-комплектатор» жаңа шешімін ұсынуда.

Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасының бұл жобалары Қазақстанның кітапхана саласында жасанды интеллектті қолдану бойынша әзірше жалғыз серпінді шешім және ары қарай да даму мүмкіндігіне ие.

Кітапхана мамандарының мәлімдеуінше, жоба – цифрлық трансформацияның пилоттық моделі саналады және аймақтың кітапхана жүйелерінде заманауи технологияларды енгізудің негізі болмақ. Олардың пікірінше – заманауи кітапхана тек кітаптар ғана емес, сонымен қатар баршаға білімді қолжетімді әрі ыңғайлы ететін технологиялар алаңы.

Д.Қасенов

#АТАМҰРА

Біржандық «Ай-Ана» әжелер тобы
ұлттық салт-дәстүрді дәріптеп жүр

Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

Зайсан ауданының Біржан ауылында сонау 2015 жылы жұмысын жүргізе бастаған «Ай-Ана» әжелер тобы бүгінде үлкен ұжымға айналып, аудан көлеміндегі түрлі қоғамдық-саяси және мәдени шараларға белсене қатысып, жас ұрпаққа ұлттық салт-дәстүріміз бен қолөнерімізді насихаттап келеді.



Топ жетекшісі, ардагер ұстаз Бағдат Сансызбаеваның айтуынша, ең алғаш сахнаға Ұлы Жеңістің 70 жылдығында Аманкелді атындағы орта мектептің сахнасында ән айтып шыққан ауылдағы әжелер өзара ақылдаса келе, кейін топ құрып жұмыс істеуге бел байлаған.

Қазір топ құрамында 12 мүше болса, олардың барлығы да өз уақыттарында түрлі салада ауылдың, ауданның өркендеп дамуына алды 40, соңы 30 жылдан аса еселі еңбек еткен жандар. Олар зейнетке шыққан соң да үйде қол қусырып, қарап отырмай, кейінгі жастарға ұмытылып бара жатқан ұлттық қолөнер мен салт-дәстүрді, тіліміз бен дінімізді, әдет-ғұрпымызды, әдебиетіміз бен мәдениетімізді, тарихымызды насихаттауды ұйғарған.

Бір сөзбен айтқанда сахнада ән шырқаса, үйде немерелеріне қарап, жастарға тігіншілікті де үйретеді. Сонымен қатар, жас қыз-келіншектерге өмірден түйген аналық, әжелік ақыл-кеңестерін беруден де еш жалыққан емес.

– Біздің әжелердің алды жетпістен, артымыз алпыстан асты. Бірінші бағытымыз салт-дәстүрді ән арқылы насихаттасақ, екінші бағытымыз қолөнер. Халқымыздың ертеректе қолданған, ұмытылып бара жатқан тұрмыстық бұйымдарын, жәдігерлерін жинақтап, насихаттау, жастарға таныстыру. Ән қоржынымыз патриоттық сезімді туындататын Отан, туған жер тақырыбындағы әндермен толыққан. Халық әндерін де жиі орындаймыз. Ұлттық киім түрлерінің үлгісін өзіміз тігіп, насихаттау да біздің негізгі бағыттарымыздың бірі. Сахналық киімдердің үлгісін де өзіміз ақылдасамыз, – деді ауылдастары мен шәкірттері арасында «Алтын» апай атанып кеткен Бағдат Қамашқызы.

АЛТЫ ҚАНАТ КИІЗ ҮЙДІ
ЖАБДЫҚТАП ШЫҚТЫ

Ауыл тұрғындары «Ай-Ана» әжелер тобы аудан көлемінде де үлкен абыройға ие екенін айтады. Енді олардың жолдарын жалғастырып, ауылда ізбасар ретінде өнерлі жастардан «Жас аналар» тобы да құрылған.

Мәселен, әжелеріміз 2019 жылы аудандық «Ұлттық қазына – ел рухы» көркемөнерпаздар байқауында ұлттық көрме ұйымдастырып, бірінші орынға ие болған. Сол көрмемен облыстық жарысқа жолдама алды.

Сол жылы өткен аудандық «Қара қазан, сары бауырсақ» атты жарыста да топ жарып, мерейлері үстем болды. Ізденімпаз әжелер қай жарысқа қатысса да, жүлделі орындардан көрініп, ауыл абыройын асқақтатумен келеді. 2020 жылы құрылғандарына бес жыл толғандарын атап өтіп, аудандық мәдениет үйінде халық алдында шығармашылық есеп берді. Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған аудандық көрмеге де қатысты. Өз қолдарымен тіккен сырмақ, текемет, жастық, құрақ-көрпелерін ауылдық округ әкімшілігіне сыйға тартып отырады.

Тынымсыз еңбектің нәтижесінде әжелер тобы округтің ұлттық нақыштағы алты қанат киіз үйіз бастан-аяқ жабдықтап шыққан. Бүгінде қазақ үйі аудан, облыс деңгейіндегі түрлі ұлттық мерекелердің көркіне айналған.

2024 жылы «Шырайлы шығысымының өр Зайсаны» қолөнер байқауында бас жүлде алып, арнайы кубокпен марапаттады.

– Топ құрамында қазір Бәтира Мү-

«Зайсан ауданы дамуына сіңірген ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Бағдат Қамашқызы.

Былтырғы жыл қорытындысында «Туған жердің төрінде – Абайдың ізі, Жеңістің жалыны, Бірліктің нұры» атты ауылдық округтер арасындағы көркемөнерпаздар байқауының қорытынды концертінде «Ай-Ана» әжелер тобы өз өнерлерін көрсетіп, «Үздік әжелер» номинациясымен марапатталды. Ал топ мүшесі Гүлмира Ошақбаева он жылдық мерейтой аясында аудан әкімі қолынан «Зайсан ауданы дамуына сіңірген ерен еңбегі үшін» медалін кеудесіне тақты.

10 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙ

Ал жақында әжелер ұжымы өздерінің он жылдық мерейтойын аудандық деңгейде атап өтті. Тәрбиелік мәні үлкен шараға аудан әкімі Аэлига Ахметсәлімқызы және аудандық мәслихат төрағасы Еркебулан Зағыпаров қатысып, аналарымызға лайықты құрмет көрсетіп, марапат тапсырды.

Аудан басшысы құттықтау сөзінде әжелердің зейнеткерлікке шықса да, қоғам өміріне белсене араласып, үлкен үлес қосып отырғандығына баса тоқталды.

Ал Біржан ауылдық округінің әкімі Дидар Бақытбекұлы алтындай әжелерімізді «Ай-ана» әжелерге – 10 жыл мерекелік медалімен марапаттады.

– «Ай-Ана» тобының 10 жылдық шығармашылық мерейтойында бізге қолдау білдіріп, демеушілік жасаған ауылдық округ әкімі Дидар Бақытбекұлына, округтегі әйелдер кеңесінің мүшелеріне, ауылға есімі берілген



«Ай-Ана» әжелер тобы жеке мұрағаты

лікова, Ұлжан Базарбай, Гүлжауар Айтмұханбетова, Мәрия Шалбарбаева, Күлмайран Баубаева, Роза Садуақасова, Күләш Әмренова, Әлия Досбаева, Гүлмира Ошақбаева, Гүльнара Рахымжанова, Фарида Қылиманова бар. Жиыны он екі адамбыз. Барлығы да осы Біржан ауылының тұрғындары. Топ алғаш құрылған жылдары қолөнер шеберлері Хадиша Найманғазы (марқұм), Сайраш Айтқазы аналарымыз көп көмек көрсетті. Сол кездегі ауыл әкімі Сәкен Хамитовтың да үлесі зор болды. Ауылдағы әйелдер кеңесінің төрайымы Сәуле Бақаева да әрқашан әжелерді қолдауға әзір. Қазіргі әкіміміз Дидар Бақытбекұлы үнемі демеушілік жасап, қолдап келеді. Осындай қолдаулардың арқасында қазіргі дәрежеге жеттік, – деді топ жетекшісі,

Біржан баламыздың ата-анасы Мейрамбек пен Азат Еңсехановтарға, ауыл тұрғындары Бисара Салихова, Сәуле Насимова, Бақытжан Дүкейқызы, Қуан Дүзбаева, Рысалды Қожақметова, мәдениет мамандары Орманбек Құсайынов пен Боранбай Төлепбергелулы бауырларымызға, Аманкелді мектебі ұжымына, артымыздан еріп келе жатқан ізбасарларымыз «Жас Аналар» тобының мүшелеріне үлкен ризашылығымызды білдіреміз, – деді Бағдат Сансызбаева.

Сонымен қатар біржандық әжелер өңірдің қоғамдық-саяси өмірінен де ешқашан тыс қалған емес. Президент бастамасымен жүзеге асырылатын республикалық шаралардың үнемі ортасында жүреді.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі мемлекеттік кірістер комитеті, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 18.07.2025 жылғы № 214-VIII Кодексінің 109-бабына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарымен сот тәртібімен салық төлеушілерді мәжбүрлеп тарату үрдісі жүргізілетін хабарлайды.

Көрсетілген баптың шеңберінде, әрекет етпейтін салық төлеушілер тізіліміне енгізілген және талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

- 1) салықтық есептілікті дербес ұсынбаған;
- 2) экспорттық-импорттық операциялар жасамаған;
- 3) банктік шоттар бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырмаған;
- 4) қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрмаған;
- 5) басқа заңды тұлғаның басшысы және (немесе) құрылтайшысы, бірлескен кәсіпкерлікке қатысушы болып табылмайтын;
- 6) салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұрмаған;
- 7) жеке тұлғаларға мүлік, көлік құралдары салығын, жер салығын салу объектілерін қоспағанда, меншік құқығында көрсетілген салықтарды салу объектілері жоқ;
- 8) әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі жоқ;
- 9) тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінен асатын салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер, кедендік төлемдер мен салықтар бойынша берешегі жоқ салық төлеушінің қызметі мәжбүрлеу тәртібімен тоқтатылуға жатады.

Мәжбүрлеп таратуға келесі салық төлеушілер жатпайды:

- 1) салықтық мониторингке жататын;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес қызметті жүзеге асыратын;

3) камералдық бақылау нәтижелері, салықтық тексерулер бойынша бұзушылықтарды жою туралы орындалмаған немесе түсініктеме беру арқылы орындалған хабарламасы бар салық төлеушіге – мұндай бұзушылықтар болған кезде;

4) өзіне қатысты сот орындаушылары және (немесе) басқа да уәкілетті органдар шаралар (қамауға алу, шектеулер) қолданған;

5) ұлттық және (немесе) шетел валютасын репатриациялау мақсаттары үшін валюталық бақылау рәсімдері аяқталмаған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың тарапы болып табылатын немесе болып табылған;

6) талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде банктік шоттар бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған салық төлеушіге қолданылмайды.

Салық төлеушіні әрекет етпейтін салық төлеушілер тізіліміне енгізу кезінде ескерілген мерзім қызметті мәжбүрлеп тоқтату кезінде қаралатын кезеңге қосылады. Салық төлеушінің қызметін мәжбүрлеу тәртібімен тоқтатуды Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес заңды күшіне енген сот актісінің негізінде салық органы жүргізеді.

Қызметі мәжбүрлеу тәртібімен тоқтатылған салық төлеуші заңды күшіне енген сот актісінің негізінде салықтық тіркеу тәртібімен салық органының тіркеу есебінен шығарылады.

Мәжбүрлеп таратуға жататын салық төлеушілердің соңғы тізімі **1-шілдеден** кешіктірмей қалыптастырылады.

Сәйкесінше, мемлекеттік кірістер органдарымен мәжбүрлеп таратуға жататын салық төлеушілердің бастапқы тізімі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің мемлекеттік кірістер комитетінің www.kgd.gov.kz web-порталында, Шығыс Қазақстан облысы қосымша бетінде, Біз жайлы – «Халықпен жұмыс жасау» бөлімінде көрсетілгенін хабарлаймыз.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

1) Жобаның атауы:

– «Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ ауылынан шығысқа қарай 13 км жерде орналасқан Безнамение 2 ағысы үшін су бұру арнасының құрылысына» экологиялық рұқсат алу материалдары.

2) Аумағына әсер ету мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі:

– Ақбұлақ а.о., Марқакөл ауданы, Шығыс Қазақстан облысы.

Жер телімінің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары (UTM 45 аймағы): 1) 48°29'49,66864" се 85°10'0,73864" шб, 2) 48°29'50,9488" се 85°10'3,11601" шб, 3) 48°29'55,94814" се 85°9'6,21539" шб, 4) 48°29'51,57526" се 85°9'48,77911" шб, 5) 48°29'41,73047" се 85°9'44,61485" шб, 6) 48°29'27,69663" се 85°9'44,98094" шб, 7) 48°29'34,30456" се 85°10'8,45119" шб, 8) 48°29'40,46993" се 85°10'14,6147" шб, 9) 48°29'46,01367" се 85°10'5,02668" шб, 10) 48°29'46,97312" се 85°10'4,99502" шб.

3) Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін жері, күні және басталу уақыты:

– Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ а.о., Ақбұлақ а., Абай көш., 22 (әкімдік ғимараты), **30.04.2026 ж. сағат 14:00-де.**

4) Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

– «ГРК МЛД» ЖШС, БСН 221040010936, Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ а.о., Ақбұлақ а., Индустриалды аймақ «ГРК МЛД» тау-кен байыту комбинаты, 1 ғимарат, тел.: +7(7232) 20-34-05, e-mail: manager@grkmlid.kz.

5) мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттама деректемелері мен байланыс деректері: – «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ» ЖШС, БСН 141140017741, ШҚО, Өскемен қ., Протозанов көш., 95 ғим., 7 т.е.б., тел.: +7 777 495 09 75, e-mail: pcprof@mail.ru.

6) Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жариялан-

ған хаттамасымен танысу үшін Бірыңғай экологиялық порталға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына сілтемесі;

– Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жайкүйі туралы Ұлттық деректер банкі – <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> «Ашық кездесулер» бөлімі;

– ЖАБ сайты «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ – <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі.

7) Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі:

– эл.мекенжайы: pcprof@mail.ru және manager@grkmlid.kz;

– телефондар: +7 777 495 09 74, +7 777 74916 16.

8) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жіберетін электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы:

– қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі – «Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» РММ: vko-ecodep@ecodep.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к., 12;

– ЖАБ «ШҚО табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ d.babakanova@akimvko.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., К. Либкнехт к., 19.

9) видеоконференцбайланыс платформасына сілтемесін қамтиды:

Zoom кездесуіне қосылыңыз: <https://us06web.zoom.us/j/84467083401?pwd=dJ4KTBZYf1bGP0kuXbXtp4T9cvcR.1>

Конференция идентификаторы: 828 7368 0804
Кіру коды: 969590

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Қазақстан Республикасындағы В.И. Вернадский атындағы Үкіметтік емес экологиялық қор» қоғамдық қоры республикалық маңызы бар «Оңтүстік Алтай» (кешенді) мемлекеттік табиғи қаумалы аумағына зайту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми негіздеме жобасына қоғамдық талқылаулар нысанында **қоғамдық тыңдаулар** өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әзірлеуші мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 40-үй, ВП-43, «Қазақстан Республикасындағы В.И. Вернадский атындағы Үкіметтік емес экологиялық қор» қоғамдық қоры.

Жобалық құжаттама 31 наурыздан бастап жиырма жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz/>) (<https://ndbecology.gov.kz/>) қолжетімді болады.

Ескертулер және/немесе ұсыныстар www.ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде қабылданады. Қосымша ақпаратты 8 776 972 27 72 телефоны арқылы алуға болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Қазақстан Республикасындағы В.И. Вернадский атындағы Үкіметтік емес экологиялық қор» қоғамдық қоры Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы аумағында 2026 жылғы 1 қазаннан 2029 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде ғылыми мақсатта қазақстандық таутеке-нің (Ovis ammon collium) 12 дарағын алу жөніндегі биологиялық негіздеме жобасы бойынша жария талқылаулар түрінде **қоғамдық тыңдаулар** өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әзірлеуші мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 40-үй, ВП-43, «Қазақстан Республикасындағы В.И. Вернадский атындағы Үкіметтік емес экологиялық қор» қоғамдық қоры. Жобалық құжаттама 31 наурыздан бастап жиырма жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz/>) қолжетімді болады.

Ескертулер және/немесе ұсыныстар www.ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде қабылданады. Қосымша ақпаратты 8 776 972 27 72 телефоны арқылы алуға болады.



2026 жылғы 2-3 сәуірде Астанада Қазақстан машина жасаушыларының XIII форумы өтеді. Іс-шара ұйымдастырушылары ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі және Қазақстан машина жасаушыларының одағы. Форумға тіркелу smkz.kz сайтында.

ВАКАНСИЯЛАР

Өскемен қаласы

«Казцинк Транс» ӨК Өскемен көлік цехына:

Автомобиль жөндеуші слесарь-автоэлектрик;
Автомобильдегі кран машинисі қажет.

Байланыс телефондары: 8 (7232) 29-28-30 немесе WhatsApp: 8-777-029-56-70. Түйіндемеңізді Anfisa.Kuznetsova@kazzinc.com немесе HR@kazzinc.com электронды поштасына жіберіңіз.

«Казцинк» ЖШС Цифрлық технологиялар және сервис кешеніне:

Жобалық-сметалық жұмыс жөніндегі инженер;
Электржабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер қажет.

Байланыс телефондары: 8 (7232) 29-15-99 немесе WhatsApp: 8-777-029-56-70. Түйіндемеңізді AKussainova@kazzinc.com немесе HR@kazzinc.com электронды поштасына жіберіңіз.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Ерлитос» ЖШС Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданындағы Таған-2 бентонит сазды кен орнындағы тау-кен жұмыстарының зардаптарын жоюға жұмсалған шамамен алынған шығындардың есебі кен орнын жою жоспары бойынша көпшілік талқылау арқылы **қоғамдық тыңдау** өткізілетіндігін хабарлайды.

Жария талқылау 2026 жылғы 31 наурыздан бастап 5 жұмыс күндері <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйеде «Тыңдау» бөлімінде өтеді.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы – «Ерлитос» ЖШС, БСН 050240014233, мекенжайы: ҚР, Өскемен қ., Б.Керімбаев к-сі, 21, тел.: 87776722067, e-mail: erlitos@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «Elementa» ЖШС, БСН: 231040011222, заңды мекенжайы: ҚР, Астана қ., Нұра ауданы, Қорғалжың тас жолы көшесі, 25 үй, 36 пәтер, тел.: 87000910527, e-mail: aliya_alaguzova@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ тел: 8(7232)257206 g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz

Ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> құжаттамамен танысуға, ұсыныстар мен ескертулерді қалдыруға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылғы 19 ақпанда табиғат пайдаланушы – **«Дигам» ЖШС** Бұқтырма су қоймасының Тораңғы шығанағында аэрациялық жұмыстар жүргізді. Мұзда 130 дана ойық ойылып, ойықтарға қамыстар орнатылды. Аталған жұмыстарды атқаруға 20 адам, 4 техника жұмылдырылды.

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ

■ **Жолкенов Мереке Кабылович** (туған жылы 01.05.1976) 08.01.2026 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 08.07.2026 жылға дейін нотариус Ж.Б.Нурмухамбетоваға ШҚО, Ұлан ауданы, К.Қайсенов кенті, 3.Ахметов көшесі, №3 ғимарат мекенжайы бойынша жүгінугі тиіс.

■ **Екпін Арай** (туған жылы 16.03.2001) 16.10.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар мұра қалдырушы қайтыс болған күннен бастап 6 ай ішінде нотариус Г.С.Сатбаеваға ШҚО, Өскемен қаласы, А.Чехов көшесі, 35, 202-кеңсе мекенжайы бойынша жүгінугі тиіс. Тел: 8-777-267-48-61.

**ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА:
MARKETING@ALTAINEWS.KZ**

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ:

8 (7232) 75-28-228, 8 777 23 97 682



«ALTAI-NEWS» МЕДИА-ОРТАЛЫҒЫ

«DIDAR» ГАЗЕТИНІҢ

PDF-НҰСҚАСЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛҒАНЫН
ХАБАРЛАЙДЫ!

Электронды нұсқаны өз e-mail поштаңызға алу үшін бірнеше қарапайым қадам жасау қажет:

1) QR-кодты сканерлеңіз немесе интернет-браузер арқылы www.didargazeti.kz сайтына өтіңіз.

2) didargazeti.kz сайтындағы «Газетке жазылу» бөліміне кіріп, ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдаңыз:

3 АЙҒА,

6 АЙҒА,

12 АЙҒА



3) «СЕБЕТКЕ ҚОСУ» батырмасын басыңыз.

4) Тауар себетке қосылғаннан кейін «ТАПСЫРЫСТЫ РӘСІМДЕУГЕ ӨТУ» батырмасын басыңыз.

5) Бос жолдарға өз деректеріңізді енгізіп, «ТӨЛЕМГЕ ӨТУ» батырмасын басыңыз. Жазылым ақысы сіз көрсеткен банк картасының нөмірінен автоматты түрде алынады.

Жазылым рәсімделгеннен кейін көрсетілген электронды поштаға газеттің жақын арадағы саны ғана емес, сонымен қатар ағымдағы айдағы барлық алдыңғы сандары да жіберіледі.

Жұлдыз-жорамал (23 – 29 наурыз)

ТОҚТЫ Бұл апта сіз үшін белсенді әрі нәтижелі болмақ. Жұмыста жаңа мүмкіндіктер пайда болып, өзіңізді көрсетуге жақсы жағдай туады. Батыл шешім қабылдауға дайын болыңыз, бірақ асығыстықтан сақтаныңыз.

ТОРПАҚ Сабыр мен тұрақтылық сіздің басты артықшылығыңыз болады. Қаржы жағынан ұқыптылық қажет, артық шығыннан аулақ болыңыз. Жұмыста біртіндеп алға жылжу байқалады. Отбасымен қарым-қатынас жылы әрі түсіністікке толы болады.

ЕГІЗДЕР Қарым-қатынас пен жаңа таныстықтар бұл аптада маңызды рөл атқарады. Келіссөздер мен кездесулер сәтті өтеді. Жаңа идеялар пайда болып, оларды жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Ақпаратты мұқият тексеріп, шешім қабылдаңыз.

ШАЯН Бұл аптада эмоцияңызды бақылауда ұстау маңызды. Отбасылық мәселелерге көңіл бөліп, жақындарыңызға қолдау көрсетіңіз. Жұмыста асықпай, сабырмен әрекет еткен жөн. Қаржы жағынан сақтық қажет. Демалыс пен тыныштық сізге күш береді.

АРЫСТАН Шығармашылық пен шабыт артады. Өз идеяларыңызды жүзеге асыруға тамаша мүмкіндік бар. Жұмыста беделіңіз өсіп, жаңа ұсыныстар түсуі мүмкін. Бірақ өзіңізді тым жоғары қоймаңыз. Қаржы жағынан табыс болуы ықтимал.

БИКЕШ Бұл аптада тәртіп пен жоспарлау маңызды болады. Құжаттармен жұмыс істеуге және маңызды істерді аяқтауға қолайлы уақыт. Ұсақ-түйекке бола уайымдамаңыз. Қаржы саласында тұрақтылық байқалады. Денсаулыққа көңіл бөліп, демалысқа уақыт табыңыз.

ТАРАЗЫ Жаңа идеялар мен жоспарлар пайда болады. Қарым-қатынаста тепе-теңдік сақтауға тырысыңыз. Кейбір ескі мәселелер қайта көтерілуі мүмкін, бірақ оларды шешуге мүмкіндік бар. Шығармашылықпен айналысу сізге шабыт береді.

САРЫШАЯН Бұл апта батыл шешімдер кезеңі болмақ. Интуицияңыз күшейіп, дұрыс бағыт көрсетеді. Қаржы немесе жұмыс саласында өзгерістер болуы мүмкін. Құпия жоспарларыңызды барлығына айта бермеңіз. Жеке өмірде эмоцияңызды бақылау маңызды.

МЕРГЕН Жаңа мүмкіндіктер мен тәжірибе жинауға қолайлы уақыт. Сапар немесе жаңа жоба бастау ықтимал. Оптимизм сізге көмектеседі. Қаржы мәселесінде асықпай, ойланып әрекет етіңіз. Достармен кездесу көңіл күйіңізді көтереді.

ТАУЕШІК Жауапкершілік артып, жұмыс көлемі көбейеді. Сізге сенім артып, маңызды тапсырмалар берілуі мүмкін. Сабыр мен еңбекқорлық табысқа жеткізеді. Қаржы жағынан тұрақтылық бар, бірақ үнемшілдік қажет.

СУҚҰЙҒЫШ Жаңашыл идеялар мен қызықты ұсыныстар болады. Достармен немесе әріптестермен бірлескен жұмыс сәтті өтеді. Қарым-қатынаста ашықтық маңызды. Қаржы жағынан шағын табыс болуы мүмкін. Эмоциялық тепе-теңдікті сақтаңыз.

БАЛЫҚ Бұл апта сезімтал әрі романтикалық көңіл күйге толы болады. Шығармашылықпен айналысуға жақсы уақыт. Жұмыста сабыр сақтап, асықпай әрекет етіңіз. Қаржы мәселесінде сақтық қажет. Жақындарыңызбен жылы қарым-қатынас орнайды.

DIDAR

Магазин

Показаны все результаты (4)

Исходная сортировка



Didar газеті 12 айға жазылу

6000,00 ₸

В корзину



Didar газеті 3 айға жазылу

1850,00 ₸

В корзину



Didar газеті 6 айға жазылу

3000,00 ₸

В корзину

Егер сіз тек соңғы нөмірін сатып алғыңыз келсе, didargazeti.kz сайтының басты бетінде

«PDF ЭЛЕКТРОНДЫ ГАЗЕТ» батырмасын басып, ұсынылған нұсқалардың бірін таңдаңыз.

«DIDAR»

ҮЙІҢІЗГЕ ЖЕТКІЗІЛЕДІ:

Жылдам! Қолжетімді! Оңай!



Индекс	«Қазпошта» АҚ арқылы				Редакция арқылы				
	1 ай, теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге	Индекс	1 ай, теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге
19071 (жеке)	872	2616	5232	10464	19071 (жеке)	686	2058	4116	8232
19073 (жеңілдік)	832	2496	4992	9984	19073 (жеңілдік)	616	1848	3696	7392
19072 (мекеме)			8003	16006	19072 (мекеме)			5520	11040

БАҚ-тың меншік иесі:
«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС

«DIDAR» газеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, 2025 жылғы 26 наурыздағы №KZ11VPY00115455 куәлігі берілген. «DIDAR» газеті – ҚР Президенті грантының және Қазақстан журналистика академиясы «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері. Мекенжай: 070003, Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 36.

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС
Бас директоры
А.К. ДҮЙСЕНОВ

Контент-редактор
А.БАҚЫТҚЫЗЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 8(7232)75-17-97
Жарнама бөлімі:
8-777-239-76-82,
8(7232) 75-28-22,
e-mail: marketing@altaynews.kz

«DIDAR» газетінің сайты:
www.didargazeti.kz
+7 777 239 7682

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. Белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады. Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет
«Дом печати» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Павлодар облысы,
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143.

Көлемі 4
баспа табақ.
Газет аптасына
бір рет шығады.
Таралымы 3700
Тапсырыс №12

